



ОТАН ҚОРҒАУ –
АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

2-бет



РАҚЫМШЫЛЫҚТЫ
НЕСИЕ ПАЙЫЗДАРЫН
ТӨМЕНДЕТІП ЖАСАУДЫ
ТАЛАП ЕТТІ

5-бет



ҚАЛАМҒЕР
ҚОЛТАҢБАСЫ

15-бет

ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №38 (908) 12.10.2020 жыл

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚҰРСАУЫНАН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?



ҰЛТ НАМЫСЫН ЕШКІМГЕ ТАПТАТПАҒАН

Көрнекті мемлекет қайраткері, еліміздің бірнеше облысына, ауыл шаруашылығы саласының министрліктеріне басшылық жасаған Социалистік Еңбек Ері Еркін Нұржанұлы Әуелбеков тірі болғанда биыл тоқсан жасқа толар еді.

8-9
бет



«Жүт жеті ағайынды» деп қазақ атамыз бекер айтпаған екен. Құлық-сұмдығы қырық қабат қытайлықтардан тараған коронавирус бүкіл әлемді шулатып, «аспан асты елімен» көрші отырған біздің де іргемізді шайқап, қаншама адамдарымыздың өмірін жалмап кетті. Ковид қатері әлі де сейілген жоқ, енді болашағымыз балаларға ауыз сала бастады. Тіпті ауа-райын да дәлдікпен дұрыс болжай алмайтын біздің үкіметтік құрылымдардың алдынала, осыдан бірнеше ай бұрын айтқан «көріпкелдігі» айна-қатесіз келетін түрі бар. Қазірдің өзінде балалардың да індет жұқтырып, екі баланың қайтыс болғаны жайында хабар таратылды. Ол аздай «құс тұмауы» шығып, кей өңірлерде жылқылардың ауруға шалдыққаны айтылып жатыр. Жауынның аздығына байланысты мал азығының қоры мен биылғы егіннің шығымы да мәз емес...

10
бет

ӨЗГЕНІҢ ҚАТЕСІНЕН ҮЙРЕНГЕН ЖАҚСЫ – БІЗДЕ ДЕ АЛДА САЙЛАУ ТҰР...

Алатаудың ар жағындағы айыр қалпақты ағайындар тағы да атқа мініп, алаңда ат ойнатты!.. Атойлатудың ақыры Ақ үйін өртеп, өздері үш жыл бұрын заңды сайлап алған президенттері Сооранбай Жиенбековтың ордасында ойран салды... Президенттің портретін тепкілеп, қызыл туларын жерде сүйретіп жүр көбісі...

6
бет

МЫ ДОЛЖНЫ БЫТЬ СОЛИДАРНЫ В ТОМ, ЧТО ВСЕ ОБЯЗАНЫ ЗНАТЬ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК

39-летний уроженец Узбекистана Владислав Тен десять лет назад переехал в столицу Казахстана, где сначала работал врачом, а затем стал преподавать языки, в том числе казахский. Тен рассказал Азаттыку, как ему удалось за год выучить новый язык и какой он видит ситуацию с языками в стране.



13
бет



ТҮРКІСТАНДЫ УЫСТАН ШЫҒАРУ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРДЫМҒА КЕТУІМЕН БАРА-БАР

Түркістан қаласы әзелден-ақ геосаяси тартыстардың алаңына айналған. Тәттіге бал төгетін араның да, ауыру егетін шыбынның да үймелейтіні сияқты, қасиетті жерге жақсының да, жаманның да таласы болатыны даусыз.

16
бет

ОТАН ҚОРҒАУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Қазақстан Президенті, Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысында өткен кешенді бітімгершілік оқу-жаттығу жиынына қатысып, даярлық оқу орталығына жоғары баға берді.

– Құрметті генералдар және офицерлер, сержанттар мен сарбаздар! Сіздерге ең қасиетті борыш жүктелген. Өйткені, Отан қорғаудан артық міндет жоқ! Армия – мемлекеттің берік қорғаны. Бүгінгі әскер – байрақты батыр бабалардың ұрпағы! Осыны ешқашан ұмытпаған жөн. Біздің ұлан-байтақ жеріміз бар. Оны қорғау үшін дайындығымыз жоғары болуы керек. Бізге өз еліміздің ғана емес, әлемнің тыныштығы да өте маңызды. Сол үшін әрдайым бітімгершілік қызмет атқарып келеміз. Ынтымақтастық пен серіктестік – біздің басты бағытымыз. Сіздер халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға зор үлес қостыңыздар. Бітімгер болу –



бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Бұл міндетті адал атқардыңыздар. Осындай жаттығуларда шеберліктеріңіз шыңдала түседі. Әскеріміздің рухы биіктей береді деп сенемін! – деді әскерилер алдында мемлекет басшысы.

Қазіргі жағдайда армияның рөлі артып, бейбіт уақытта да орасан зор міндеттерді атқаруда. Биыл ел болып пандемияға қарсы күресте әскери

қызметшілер әрқашан алдыңғы шепте болды. «Сіздер Отанды қорғаудың озық үлгісін көрсетіп келесіздер. Бүгінгі жоғары дайындық – соның айқын көрінісі. Ел тыныштығын сақтау, халқымызды қорғау – ең басты міндет! Осы перзенттік парызы адал атқарасыздар деп сенемін! Мемлекетіміз Қарулы Күштерді әрқашан қолдайды» – деді Қ.Тоқаев.

НАҚТЫ ШАРАЛАР БЕЛГІЛЕНДІ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е. Тоғжановтың төрағалығымен өткен Ведомствоаралық комиссияның отырысында Мемлекет басшысының коронавирус пандемиясының екінші толқынына дайындық мәселелері жөніндегі 7 қазандағы кеңесте берген тапсырмаларын орындау бойынша нақты шаралар белгіленді.

Вице-премьер өңірлердің әкімдіктеріне, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктеріне меди-



цина қызметкерлерінің қайтыс болу фактісі бойынша өтемақы төлеуді үстіміздегі жылдың 13 қазанында аяқтауды тапсырды. Өңірлік комиссияларда өтінімдері

қаралған кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде ауырған дәрігерлерге өтемақы тағайындауды аяқтауды ескертті. Отырыс қорытындысы бойынша қорғаныс маскаларына 40 теңге, бір реттік медициналық маскарларға 60 теңге мөлшерінде шекті бөлшек сауда бағасын белгіленді. Сондай-ақ, Е. Тоғжанов жауапты мемлекеттік органдарға бизнес-қоғамдастықпен, салалық қауымдастықтармен бірлесіп, халыққа қызметтің қолжетімділігін арттыру үшін үш күндік мерзімде ПТР тестілеу бағасын төмендету мәселесін пысықтап, комиссияның келесі отырысына ұсынуды тапсырды.

ТЕҢГЕ ТАҒДЫРЫ КІМНІҢ ҚОЛЫНДА?

Ұлттық банк теңге бағамын тұрақтандыру үшін наурыз айынан бері 232 миллион доллар интервенция жасаған көрінеді.

Бас банк өкілдері валюта нарығы еркін айналымға кеткелі алғаш рет араласып отырмыз дегенмен бұған дейін де интервенция жасалғаны елдің есінде. Биылғы алғашқы үш айда мұнай бағасының құбылуы мен дамушы елдерден келетін сыртқы әсерлер теңге бағамының төмендеуіне ықпал етті. Сондықтан төл ақшамызды тұрақты ұстау үшін биржада алтын-валюта активтері сатылған. Ұлттық банктің бұл әрекетінен бөлек, бюджетке кепілді трансфертті қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан шамамен 551 миллион доллар жұмсалған. Одан бөлек, осы қыркүйекте тағы 300 миллион долларға квазимемлекеттік сектор нысандары сатылыпты. Соның бәрін есептей келгеннің өзінде доллар бәрібір 420-дан 431 теңгеге дейін өскен. Ал рубльге қысым сайытын Ресейге ғана тән санкциялық факторлар теңгеге әсер етпейді дейді Ұлттық банк өкілдері. Олардың ойынша, теңге тағдыры негізінен мұнай бағасына тәуелді. Тенгенің тағдырын мұнайға тапсырған мамандар отандық өндірісті дамытып, импортқа тәуелділікті тежеу арқылы долларға табынуды тоқтатуды аса қажет деп есептейтін сияқты.



ҚАЛА ЖҰМЫСЫНА ОҢ БАҒА БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтеновті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 9 ай ішіндегі Шымкент қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына қала инфрақұрылымының қалыптасуы, бөлшек сауданың даму барысы, Жұмыспен қамту жол картасы аясында қалада жүзеге асырылып жатқан жобалар жөнінде баяндалды. Қала әкімінің айтуынша, 226 жобаға 45,3 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлініп, оның 80 пайызы игерілді. Сонымен қатар Шымкент қаласы бойынша коронавирус пандемиясының ықтимал екінші толқынына қарсы бірқатар дайындық шаралары қабылданған.

Президент қаладағы атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға беріп, шаһарға инвестиция тарту ісін, қолжетімді көп қабатты тұрғын үй құрылысын одан әрі жандандыруды және жаңа жұмыс орындарын көптеп ашуды тапсырды.

КОЛЛЕДЖ ҰСТАЗДАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТИЛЕДІ

Осы жылдан бастап колледж оқытушылары біліктілік санатын көтергеннен кейін лауазымдық жалақысының 30-дан 50 пайызына дейін қосымша ақы алатын болады.

Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов техникалық және кәсіптік білім берудің 80 жылдығына арналған іс-шара барысында мәлімдеді. Ведомство басшысының айтуынша, бұған дейін біліктілік санаттары үшін қосымша төлемдерді тек мектеп мұғалімдері алған болатын. «Педагог мәртебесі туралы» Занның қабылдануымен колледж педагогтері де біліктілік санаты берілгеннен кейін ай сайын қосымша ақы алатын болады.

«Мемлекет басшысының қолдауымен 2020 жылдың қаңтар айынан бастап колледж педагогтерінің жалақысы артты, алдағы жылдары да арта түспек. Біліктілік санаты үшін педагогтерге қосымша ақы төлеу мәселесі көп жылдар бойы көтерілген бола-



тын. Егер мектептерде мұғалімдер біліктілік санаттары үшін қосымша ақы алса, колледждерде мұндай үрдіс болған жоқ. Енді колледж педагогтері де ай сайын лауазымдық жалақысының 30-дан 50 пайызына дейін қосымша ақы алатын болады. Өз кезегінде колледж директорлары мен директор орынбасарларының атқарған жұмысының тиімділігіне байланысты өз жалақысының 100 пайызына дейін қосымша ақы алу мүмкіндігі бар. Бұл әріптестеріміздің жұмысқа деген ынта-жігері мен жұмыстың тиімділігін арттыра түспек», – деп атап өтті министр.

ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛІГІНСІЗ ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖОЙЫЛМАЙДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Талдықорғанда қоғаммен, блогерлермен, бизнес-қоғамдастықпен және БАҚ өкілдерімен ашық диалогқа негізделген кездесу өткізді.

ҚР Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында азаматтық қоғаммен сындарлы диалог құрған Алик Шпекбаев бүгінде қоғамның белсенді қатысуынсыз сыбайлас жемқорлықты азайту, жою мүмкін

емес екенін атап өтті. Әрбір азамат, әрбір қоғам қайраткері, оның ішінде блогерлер мен журналистер парасат идеологиясын ілгерілетуде және жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда ерекше рөл атқарады. Кездесу барысында агенттік төрағасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалар мен агенттіктің 2020 жылдың 9 айындағы қызметінің негізгі нәтижелерімен таныстырды. «Ашық диалог» түріндегі кездесуде қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру мәселелері бойынша өз пікірін білдіре алды.

КЕЗ КЕЛГЕН СЫЙАҚЫ ПАРА БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ

Мемлекеттік қызметкерлер мен оның туыстарына қатысты тыйым салатын жаңа заң күшіне енді.

Мемлекеттік қызметкерге тікелей немесе оның туыстары арқылы енді ешқандай сыйлық алуға болмайды. Өйткені кез келген сыйақы пара болып есептеледі. Қыркүйек айында Сенат соңғы рет қарап мақұлдаған осы заңға Президент Қ. Тоқаев қол қойды. Мемлекеттік қызметкер мен

олардың туыстарына сыйлық, дүние-мүлік ұсынуға немесе қызмет көрсетуге тыйым салынады. Заң бойынша туыстардың бір ұйымға орналасып, бірлесіп жұмыс істеп, жекелеген мәселесін реттеуге де болмайды. Әрі сыбайлас жемқорлық туралы хабардар ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдерінің тұрғын үй төлемін төлеп беру және басқа да жайттарды болдырмау көзделген. Заң талабы квазимемлекеттік секторда істейтіндерге де қатысты.

ҚҰС ТҰМАУЫМЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСУДА

Құс тұмауы басталған Солтүстік Қазақстан облысындағы екі ауыл тұрғындары мамандарға қолдарындағы тірі құстарының көзін жоюға рұқсат етті. Бұған дейін қарсылық білдіріп келгендер қауіпсіздік үшін биліктің дегеніне көнуге мәжбүр.

Тексерушілер карантинге жабылған Якорь мен Бескөзде үйді-үйді аралап, тіркеудегі барлық үй құстарын алып кетті. Мамандар «иесі жасырып қалды ма?» деген күдікпен, қора-

қосыны қайта қарап шыққан. Өңірде 156 ауладан 8600 үй құстары тәркіленген. Жоғарыда айтылған екі ауылдың өзінен 3 мың құстың көзі жойылды. Ал аймақта 200 мың бас құс қырылып қалған. 41 ауылда карантин енгізіліп, тағы үш елді мекен де осы тізімге қосылуы мүмкін. Себебі, мұнда бір тәулікте 95 құс өлген. Құс тұмауының қыспағы тауық еті мен жұмыртқаға деген бағаны көтеріп жіберді. Қазір СҚО, Қостанай, Қарағанды аймақтарында бұл өнім түрлері зәру затқа айналды.

Мемлекеттің іргетасы мықты болып, экономикасы қарыштап дамуы үшін оның азаматтарының денсаулығы мықты болуы, салауатты өмір қағидаларын ұстануы қажет. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың денсаулығын жақсарту мәселесіне айрықша назар аударудың маңыздылығын айта келіп қазақстандықтарға арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауында «Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты өрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырады. Осы бағдарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, сондай-ақ бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кешенді жоспар қабылдау қажет» деген еді.

Үшінші мегаполис басшылығы миллиондық қала тұрғындарының салауатты өмір сүріп, бұқаралық спортпен көптеп шұғылдануын қамтамасыз ету бағытында жұмысты жандандыруда. Бұқаралық спорт түрлерін насихаттауға да көңіл бөлінуде. Соның бірі – Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов әуесқойлар арасында шағын футболдан өткен Қазақстан чемпионатында жеңіске жеткен «Стандарт» футбол командасының мүшелерін қабылдауы.

Шаһар басшысы футболшыларды ел чемпионы атануымен құттықтап, оларға бұқаралық спортты дамытуға үлес қосқаны үшін алғыс айтты.

– Әуесқойлар арасындағы футбол – бұқаралық спорттың мейлінше кең таралған, танымал түрі. Сондықтан, Сіздердің жеңістеріңіз барша шымкенттіктер үшін елеулі қағида деп білемін. Спорт – денсаулық кепілі. Жас ұрпақтың дені сау болса, ұлтымыз әрқашан бәсекеге қабілетті болмақ. Сол себепті бүгінде мемлекет бұқаралық спорттың дамуына, жастардың салауатты өмір салтын ұстануына барынша жағдай жасап отыр, – деген Мұрат Әйтенов биыл Шымкентте 27 Street-workout алаңы салынғанын атап өтті.

Сондай-ақ, Мұрат Әйтенов қазір қала тұрғындарының 28 пайызы спорт және дене шынықтырумен тұрақты түрде айналысатынын, осы көрсеткішті 30 пайызға жеткізу мақсатында ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын да айтты.

Қала әкімі команданың жеңіске жетуіне бапкерлер Сабыржан Бекпаев пен Хусан Утаматовтің де зор үлес қосқанын айтып, оларға сәттілік тіледі. Кездесудің соңында әкім бапкерлер мен футболшыларға Алғыс хат пен арнайы сыйлықтар табыс етіп, «Стандарт» командасының алдағы уақытта Украинада өтетін шағын футболдан әуесқойлар арасындағы әлем чемпионатында ел намысын лайықты қорғайтынына сенім білдірген болатын.

Еліміздің чемпионы атанып, шымқалалықтардың абыройын аспандатып, үлкен қуаныш сыйлаған «Стандарт» шағын футбол клубы 2015 жылы құрылған екен. Команданы құрып, басшылық жасап жүрген Нұржан Серікжанұлы Сейітжановқа жолығып әңгіме тарқанымызда:

– Мен өзім бала күнімнен спорттың осы түрі – футболға құштар болдым. Мектеп жасында, студенттік шақта институт құрамасында доп тептім. Кейін есейіп қызметке араласқан соң да доп ойнауға деген құмарлық басылмады. Футбол – менің хоббиім. Сондықтан болар, бес жыл бұрын осы команда-

ДОП ОЙНАҒАН ТОЗБАЙДЫ



ны құрдық. Бір жағы бұл біздің көпсалалы компаниямыздың қаламызда бұқаралық спортты дамытуға қосқан үлесі деуге болады.

Команда құрамында қаладағы әртүрлі мамандық иелері ойнайды. Бізді біріктірген футбол, теңбіл доп. Барлығы да жас кезінен бері футболға деген сүйіспеншілігін жоймаған азаматтар. Солардың жалықпай жаттығып, ұйымшылдық танытуының арқасында командамыз төрт дүркін Шымкент қаласының чемпионатын, республикалық чемпионатта төртінші, үшінші орындарды иеленіп, биылғы жылы Чемпион атанып, 2021 жылы Украинада өтетін әлем чемпионатына жолдаманы жеңіп алды.

«Стандарт» командасының кейбір жеткен жетістіктеріне тоқтала кетейін. Командамыз 2016 жылы Словенияның Марибор қаласында өткен Европа шағын футбол лигасының чемпионатына қатысып, ширек финалға дейін жеткен. 2019 жылы әуесқойлар арасындағы шағын футболдың 7/1 (алаңда жеті ойыншы мен қақпашы ойнайтын) форматында Қазақстанның чемпионы атанып Ресейде 2020 жылы өтетін сол форматтағы жарысқа жолдама алдық. Бірақ пандемияға байланысты ол жарыс 2021 жылға қалдырылды.

– Нұржан, өмірге тәрбиелеу байланысты пікіріңізді білдірсеңіз.

– Есіңізде ме, Кеңес Одағы кезінде аула клубтары болушы еді ғой. Бізді салауатты өмірге тәрбиелеген сол аулалар. Шымкенттің көпқабатты үйлерінде өстім. «Мереке» деген ықшама ауданда бірнеше көпқабатты үйдің арасында шағын футбол, баскетбол алаңшалары болды. Оларды сол



үйлердің ересек тұрғындары ұйымдасып, бірлесіп, ортадан қаржы шығарып, сенбіліктер өткізіп бізге – балаларға жасап берген еді. Сол алаңшаларда ойнап жүріп салауаттылықты бойымызға сіңіріп өстік.

Қазіргі кезде де мегаполис аулаарын абаттандыруды, спорт алаңшаларын салып беруді қолға алуда. Бұл жақсы іс, өйткені, сол балалар алаңшалары жас ұрпақты салауаттылыққа тәрбиелейтін болады. Тек ересектердің арасынан белсенділер, ынталылар шығып ұйымдастыру керек, – деді ол.

Шындығында да, «Стандарт» командасының құрамындағы жас жігіттер де, ересектеу азаматтар да жастайынан салауаттылықты күнделікті әдетіне айналдырудың арқасында осындай деңгейге жеткен жандар. Біз команда мүшелерінің біркатарына жас ұрпақты салауатты өмір сүруге қалай тәрбиелеу керектігі жайында сұрақ қойған едік.

Жаттықтырушы Сабыржан Бекпаев:

– Салауаттылыққа дағдыландыру отбасынан бұлдіршінің кішкентай кезінен бастау алуы қажет. Әр ата-ана баласын жастай шымыр болып, балсенді бастап өсуі үшін спорттың өзі қалаған түріне қатыстырып шындауы керек. Онымен қоса балабақшадан бастап, мектепте, оқу орында-

ры мен еңбек ұжымдарында да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жас ұрпаққа салауатты өмірді насихаттап, нақты үлгі-өнеге көрсетіп, жасөспірімдердің бос сенделіп уақытын текке өткізіп немесе түнгі уақытта ересектердің бақылаусыз жүріп қылмыстық әрекет жасап қоймауына, теріс бағыттағы діни секталарға кіріп адасуына жол бермеу үшін тұрақты түрде жұмыс жүргізген жөн.

Біздің командамыз жастарға ғана емес ересектерге де нақты іспен, күнделікті өмірде салауаттылықты насихаттап өнеге көрсетіп, спорттың бұқаралық сипат алуына үлес қосып келе жатқан ұжым.

Менімен бірге жігіттерді жаттықтыратын тағы бір жаттықтырушымыз Хусан Утаматов халықаралық университеттің оқытушысы, қақпашымыз Абай Мұсаев тіс технигі, команда капитаны Ұлан Жақсылықов «Стандарт-Ресурс» қызметкері, Қазақстан чемпионатында «Үздік ойыншы» номинациясын иеленген Шахрух Хашимов жеке кәсіпкер, Нұрсұлтан Дарашев ҰҚК қызметкері, Еркеғали Жантілеуов «Скат» әуе компаниясының аэропорт қызметкері, Еманов Абзал жеке кәсіпкер, Қуаныш Төлебаев пен Азамат Исмаилов бапкерлер, басқалары да түрлі мамандық иелері.

Барлығы да өздерінің негізгі жұмыстарын ынты-шынтысымен атқарып, өз салаларында абыройлы болып жүрген азаматтар. Дегенмен, адамға денсаулық керектігін ұмытпай салауатты өмір салтын ұстанып, шағын футболға аптасына үш-төрт күн екі-үш сағат уақытын бөліп жан саулығымен қатар тән саулығын да нығайтып жүрген жандар. Елімізде, Шымқаламызда жа-

стар мен ересектер осылай уақытын тиімді пайдаланып, өз жұмыстарында еселі еңбек етумен қатар денсаулықтарын да нығайтуды әдетке айналдырса мемлекетіміз қарыштап дамып, экономикамыз өсе түсер еді.

«Стандарт» командасының ойыншысы, балалар командасының жаттықтырушысы Азамат Исмаилов:

– Мен салауаттылыққа тәрбиелейтін бірінші нәрсе – спорт деп есептеймін. Өйткені, жастай денесін шынықтырып өскен баланың миы да шынығады, еңбекшіл, белсенді болады. Менің әкем Кадыр Ибрагимов футболшы болды. «Мелиоратор», «Жігер», «Достық» сияқты кәсіби футбол командаларында өнер көрсетті. Содан болар, мен де футболға бес жасымнан қызығып өстім. Өсе келе өзіміздің «Ордабасы» және қызылордалық «Қайсар» кәсіби футбол командасының қосалқы құрамында ойнадым. Бүгінде «Стандарт» шағын футбол клубының тоғыз-он бір жас аралығындағы балалар командасын жаттықтырамын. Балалар командасында ойнайтын бұлдіршіндер қаладағы әр мектептердің оқушылары. Олар осы футбол арқылы бір-бірімен достасып, адамдармен қарым-қатынас жасауды, қоршаған ортаға араласуды үйреніп, күнделікті бір тәртіпке бағынып, режимге бейімделіп қалыптасады. Мұндай қасиеттер үлкейгенде олардың еліміздің нағыз азаматтары болуына көмектеседі. Негізі салауаттылыққа кішкене кезінен бастап тәрбиелеп, баланың қандай нәрсеге қызығушылығы болса сол салаға қарай бейімдеп тәрбиелеу керек. Сонда ол өзі қызығытын, ұнататын нәрсесімен айналысудың рахат табыды. Яғни бос сенделіп, уақытын текке құртпайтын болады. Алдарына мақсат қойып, соған жеткенше талмай еңбектенетін, тер төгетін болады, – деді.

Салауаттылықты өмірлеріне серік еткен команданың басқа ойыншылары да ойларын ортаға салып, мемлекетіміздің болашағы жарқын болуы үшін бірінші кезекте жас ұрпақты салауатты өмір сүруге тәрбиелеу қажеттігін баса айттып, ойларымен бөлісті. Олардың ойының мәйегі кішкентай кезінен бастап дұрыс тәрбие алған, спортқа құштар болған, білімпаздыққа мақсат еткен әрбір баланың бойында отаншылдық қасиеттер де қалыптасады. Ал жан-жақты дамып, қоғамда белсенді бола білген әр жасөспірім ертенгі күні ел тірегі – атпал азаматтарға айналар анық. Демек, шағын алаңдардағы футболдың маңызы зор. Доп ойнаған тозбайды.

Ғалымжан Қанаев – Қазақстан Республикасының 4 дүркін чемпионы, Қазақстан Республикасы Кубогының 5 дүркін жеңімпазы, 2015 жылы Азия чемпионы, 2015 және 2018 жылдары Әлем Кубогының жеңімпазы. Кикбоксингтен 2018 жылы «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағына ие болды. 2018 жылдан бастап «Alash Pride» клубының мүшесі. 2019 жылы «Ең мықтылар турнирінің» жеңімпазы, сол жылы Барселона қаласында (Испания) өткен жарыста «Еуропаның UFC белбеуін» жеңіп алды. Санкт-Петербург қаласында (Ресей) өткен жарыста «Еуразия белбеуін» жеңді. К-1 бағдарламасынан 19 кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жеткен.

Ғалымжан Қанаев қарапайым отбасында үш қыздан кейін туған кенже ұл. Бала күнінен еті тірі, спортқа қызығушылығы басым болды. Бекзат Саттарханов Олимпиада чемпионы болғанда, теледидардан көріп отырып «Мен де Бекзат ағадай әлемге қазақты танытатын чемпион боламын» деп іштей өзіне серт еткен. Достарымен бірге бокстан, кикбоксингтен өткен жарыстарды барып тамашалап, ақыры спорттың жекпе-жек түрін ұнатқан. Спорт залға әкесі Асылбек ертіп барып, біразға дейін өзі жаттықтырып, алғашқы жаттықтырушысы Жаңабай Әшірбековтің тәрбиесіне берген. Қатысканына көп өтпей өткен алғашқы жарыстағы жекпе-жекте жеңілген. Жаттықтырушысы Жаңабай аға көзінің оты бар бұдан бірдене шығатынын білсе керек, жасөспірім баланың намысын жанып, жігерлендіргендіктен еселеп жаттығу жасап, ақыры көптеген ірі жарыстарда жеңіп жүр. Ғалымжан да өзінің алғашқы әрі күні бүгінге дейінгі жаттықтырушысы Жаңабай Әшірбековті спорттық жетістіктеріне жетудегі еңбегі үшін құрмет тұтады.

Ғалымжан «Әкем сол алғашқы жеңілісімді көргенде көздерінен мұң байқалып, маған ойлана ұзақ қарағаны есімде. Сол сәтте «Әке, мен әлі талай жеңістерге жетемін, көрерсің» деген едім іштей. Бірақ, арада бір ай өткенде әкешім қайтыс болды, менің жеңістерімді көре алмай кетті. Мен болсам әлі күнге дейін асыл әкеме жеңімпаздығымды дәлелдеумен келемін. Әр жарыста жеңіп биік тұғырда тұрғанда көзіме жас алып, көкке қарап «Әке, жеңісімді өзіне арнаймын, деймін. Бақилық болған адамның рухы көктен ұрпағына қарап тұрады, дейді ғой, менің әкемнің рухы да аспаннан маған қарап тұрғандай сезінемін. Әке рухы мені жеңіске жігерлендіреді» деп еске алады.

Қандай жарыста болсын спортшы қобалжиды. Сетка-рингке шығарда әрдайым Ғалымжанның бойында да аздаған қобалжу болады, сол сезімді жеңе білу қажет. Өзінді өзін жеңе білсең жекпе-жекте де жеңіске жету мүмкіндігің көп. Қарсыласыңның бұрынғы жекпе-жектерін көріп, танысып, әдістеріне қарсы әдістер дайындауға тырысаңыз. Бәрібір рингте ойынды кейде іске асыра алмайсың, кейде ойынды іске асырып рахаттанасың, деп жекпе-жектегі жағдайы туралы аңғармаға, оның адам-азамат болып қалыптасуына спорттың берері көп. Жаттығу залында алдыңғы толқын ағалардан, тәжірибелі спортшыларға еліктейсің, олардан көп нәрсе үйренесің. Өмірдің де қыр-сырларын үйренесің. Мен Арман, Бауыржан сияқты атақты да тәжірибелі ағалармен бірге жаттығып жүріп спорттық жетістіктерге жету үшін керектерімді ғана емес жалпы

НАҒЫЗ АДАМГЕРШІЛІК МЕКТЕБІ



өмірге қажетті көп нәрсе үйрендім. Балаңдау кезімізде залда бірге жаттығатын Бабыржан Артықбаев ағамыз жеңіп жүлде әкелсе соны таласа ұстап, бойымызға сүйкеп, жолын берсін, деп тілейтін де едік.

Талай жарыста спортқа қатысып жүріп неше түрлі спорттық жаттығу залдарын көрдім, жаттықтым. Бірақ, өзіннің үйреншікті жаттығу залына жетпейтінін түсіндім. Өз залың өз үйіңдей болып кетеді, оған қандай керемет зал болса да жетпейсің» деп туған жерге де жетсең сағынышы мен сүйіспеншілігің де аңғартып өтті. Отанды сүю отбасынан басталады, дегендей атақты кикбоксшы жаттығу залын да басқалардан артық көріп, құрметтейтінін байқатты.

Шымкент қаласында өткен ірі жарыста қарсыласын таза жеңген ол «Спорт мені көп нәрсеге үйретті. Тұлға болып қалыптасуға, адамгершілік, мінезділік қасиеттер, имандылық, еңбекқорлық, жауапкершілік, намысқойлық, тағы басқаларына үйретті. Шымкентте мұндай жекпе-жек тұңғыш рет өтіп отыр, қарсыласым төрт кездесу өткізген тәжірибелі спортшы болды, мен алғаш рет ірі жарысқа қатысып тұрсам да жеңдім» деп туған жердің киелі топырағына дейін тілектес болатыны жайлы да толғанып еді.

Ғалымжанның алғашқы ірі жеңістерінің бірі 2013 жылы қазанда Петропавл қаласында өткен Қазақстан Республикасының Кубогі болды. Дәстүрлі жарысқа спортшылардың белсенді қатысуының себебі осы жары-

ста мықтылардың мықтысы анықталып, үздіктері кикбоксингтен ұлттық құрамаға енеді. Яғни, ел намысын әлемдік рингтерде қорғайды. Алдына үнемі мақсат қойып отырып жеңкенше тыным таппайтын Ғалымжан осы тыныс қалайды жеңіске жетіп Қазақстан ұлттық құрамасына мүше болуға ұмтылған болатын. Ғалымжан шаршы алаңға қостанайлық Руслан Чемуриевпен кикбоксинг спортының белден жоғары соққы қасауға негізделген түрі фул-контакт бойынша күш сынасты. Төрешілер жеңісті бірауыздан қарсыласын тұқыртып, белсенді түрде соққылар жасаған Ғалымжан Қанаевқа берді.

2017 жылы тамызда Қызылордада Қазақстан бапкерлерін еске алуға арналған кикбоксингтен ерлер мен әйелдер арасында республикалық мықтылар турнирі өтті. Бесінші мәрте ұйымдастырылған жарыста республиканың кілең мықтылары кикбоксингтің фул-контакт және К-1 бөлімдерінен күш сынасты. Ғалымжан осы турнирде өз салмағын жеңімпаз көрсеткені үшін «Үздік техника көрсеткені үшін» номинациясымен марапатталып, өзінің ең шебер спортшы екендігін дәлелдеген болатын. Кикбоксингтен ересектер арасындағы ұлттық құрама сол жылы 3-12 қараша аралығында K1, full-contact, low-kick әдістері бойынша Будапештте (Венгрия) өткен Әлем чемпионатынан 16 медаль алып қайтты. Чемпионатқа әлемнің 70 мемлекетінен спортшы-



лар қатысты. Ғалымжан Қанаев (81 кг, фул-контакт) бұл жолы қола медальді қанағат тұтты. Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 3 алтын, 5 күміс және 8 қола медаль жеңіп алды.

2018 жылы Ережесіз жекпе-жектен Шымкентте тұңғыш рет өткен халықаралық жарыста еліміздің намысын Ғалымжан Қанаев қорғады. Аталмыш додада ел намысын қорғаған жалғыз жерлесіміз қолдаушылар сенімін ақтап шықты. Сол жылы шілде айында Қапшағайда аралас жекпе-жектен «Алаш прайд» ұйымдастырған белденше мемлекеттің сәлқатары қатысты. Ғалымжан тәжірибелі Олим Хайтбекпен аралас жекпе-жектің K1 түрінен 81 кг салмақ санатында «ALASH PRIDE» тұжырымы бойынша Азия чемпионы белдігін сарапқа салды.

Жерлесіміз бірінші раундта-ақ, өзіне тым сенімді тәжік спортшысын нокаутқа жіберді. Осылайша, Қанаев Азия чемпионы атанды. Азия чемпионы атанған оны жерлестерімізбен бірге облыстық маслихаттың депутаты, спорт саласының жанашыры Қайрат Сүлейменов қаламыздағы теміржол вокзалынан түркіп қозғалып кеткеннен кейін «Біздің Шымкенттен осындай Спортшылар жастарға үлгі болып көп шықса, елімізді басқа салалармен бірге спортта да бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына қосылуға үлес» деген еді. Одан беріде Ғалымжанды және де спорт саласындағы басқа да атақты спортшыларымызды мегаполис атанған қаламыздың жастарына салауаттылыққа тәрбиелеу ісінде үнемі үлгі-өнеге етіп келеді.

2019 жылы наурызда «Alash pride» промоутерлік компаниясының мұрындық болуымен Тараз қаласында тұңғыш рет аралас жекпе-жектен халықаралық турнир ұйымдастырылды. Турнирге Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің спортшылары қатысты. Халықаралық турнирдің негізгі сайысында өз елінің муантайдан екі рет, Түркияның Бір мәрте чемпионы Европаның Кутлұхан Сормагос пен қазақ кикбоксшысы Азия чемпионы Ғалымжан Қанаев 80 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атағына таласты. Жекпе-жек өнерінің К-1 нұсқасы бойынша өткен жарыс қорытындысында төрешілер қарсыласын тұқыртып, айқын басымдығын көрсеткен Ғалымжанды жеңімпаз деп таныды.

Қазақстандық кикбокс-

шы Ғалымжан «Батыр» Қанаев Испанияның Барселона қаласында 2019 жылдың мамырында өткен халықаралық К-1 тұжырымы бойынша турнирде ресейлік Степан Луковниковпен жұдырықтасты. Тәжірибелі спортшы қарсыласын жойқын соққыларының астына алып, бірінші раундта нокаутқа жіберіп, «Еуропаның UFC белбеуін» жеңіп алды. Осылайша, Ғалымжан екі бірдей салмақ дәрежесі бойынша чемпион атанды. Бұның алдында ғана Ғалымжан Қанаев 30 сәуір күні «Алаш прайд» турнирінде Европа чемпионы әзірбайжандық Намиқ Рахматуллаевты жеңген болатын.

2020 жылдың наурызында Түркістан қаласында өткен халықаралық турнирде қарсыласын бірінші раундта нокаутпен жеңген Ғалымжан бұл жылы да алдына үлкен мақсаттар қойып, тер төге жаттығып, ірі жарыстарға дайындалған болатын. Бірақ, дүниежүзін дүрліктірген індеттің кесірінен жарияланған төтенше жағдай мен карантиндік шектеулер әзірге ол мақсаттарына жеткізе қоймады. Бірақ, Ғалымжан Асылбекұлы мұндай жағдайды сылтау етіп бос сенделетін, немесе текке уақытын өткізетіндерден еместі. Ол бұрынғы өкілетіндерден елікті, апталық жаттығуларын үзбей келеді. Өйткені, жеңімпаз болғысы келген спортшы бәйгеге қосар жарау аттай әрдайым сақадай сай дайын болуы керектігін ол біледі.

Бүгінде Ғалымжан анасы Күлпаш екеуі тұрады, ұш әнекесі де бойжетіп, тұрмыс құрған. Бұл болса Спорт және денешынықтыру институтын бітірген, бірақ әлі спортпен қоштаспайды. Өзінің сөзімен айтсақ «Мен Бекзат Саттарханов ағамыздай көк байрағымызды ең ірі жарыстарда көкке желбіретуді жастайымнан армандағам, сол арманымға жетуді мақсат тұтамын. Сөйтіп, Елімді әлемге танытып, қазақ жастарына жігер беріп, рухын көтеріп, Тәуелсіз Отанымыздың жарқын болашағын жасайтын жастардың өсуіне өз үлесімді ісіммен қосамын» дейді.

Ал салауатты өмір сүру туралы сұрағымызға қарапты спортшы «Адам орағына қарап өседі. Сондықтан әр бұлдірінді спортқа бейімдеу керек. Спорттың қай түрі болсын адамның бойында жігерлік, қайраттылық, мақсатшылдық, басқа да адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Оған қоса дені сау, рухы биік азамат болып өседі. Салауаттылық дегеніміз – спорт» деп жауап берді.

А.СЕЙДАХМЕТҰЛЫ

РАҚЫМШЫЛЫҚТЫ НЕСИЕ ПАЙЫЗДАРЫН ТӨМЕНДЕТІП ЖАСАУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

«Ақ жол» депутаттары несиелік рақымшылықты несиелер бойынша пайыздарды төмендетумен және жеке тұлғалардың банкроттығын енгізумен толықтыруды талап етеді. Оларсыз рақымшылық туралы мәселе қоғам ішінде үнемі көтерілетінін және тіпті адал қарыз алушылардың несиелерін төлемеуге итермелейді. Бұл туралы Азат Перуашев Мәжілістің жалпы отырысында мәлімдеді.

ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге
ҚР Ұлттық банкі төрағасына, ҚНРДА төрайымына
ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Соңғы айларда қоғам та- рапынан да және Мәжілісте- гі біздің әріптестеріміз де несиелік рақымшылық жасау туралы мәселе көтеруде.

7 ай бойы пандемияның салдарынан халық жаппай кедейшілікке ұшырап, шағын және орта бизнестің күйрегенін ескеретін болсақ, бұл назар аударуға тұрарлық мәселе.

Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша ағымдағы жылы кедейлік шегінен төмен келетіндердің саны бір жа- рым есеге, яғни 800 мың адамға артып, 2 миллион 300 мың адамнан асты. Бұл - еліміздегі әрбір сегізінші азамат кедейлік шегінде өмір сүруде деген сөз.

Бұл мұнай өндіретін мем- лекет үшін үрейлі және қауіпті көрсеткіштер.

Сондықтан кедейшілікке ұшыраған адамдардың несиелік рақымшылық туралы талаптары негізді және түсінікті.

Дегенмен бұл талаптар азаматтардың жоқшылыққа ұшырауын және олардың шексіз берешекке батуының

нақты себептерін шешпейді. Ол себептерді жоймайынша, рақымшылық туралы мәселе жыл сайын қайталана беретін болады.

Өткен жылы 106 млрд. теңгеге жуық сомаға аз қамтылған азаматтардың банктік берешектері есептен шығарылған болатын. Бүгінде бұл мәселе тек шиеленісе түсті, өйткені, оның себептері жойылған жоқ.

Оныңекі себебі бар: біріншісі банктерде ете жоғары пайызда- ры, оларды Ұлттық Банк пен Қаржы нарығының агенттігі базалық мөлшерлемелерді төмендетпей және мемлекеттен 20% - дан несиелер беруді қолдауды ашық талап етуі.

Екінші себеп – Қаржы ми- нистрінің төлемге қабілетсіз отбасылардың баспаналары мен әлеуметтік кепілдіктерін сақтап, несиелер берушілерден қорғауға мүмкіндік беретін жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңды қабылдауға құлшынысының болмауы.

Естеріңізге сала кетейік, «Ақ жол» фракциясының де-

путаттары 2013 жылдан ба- стап Үкімет алдында жеке тұлғалардың банкроттығы ту- ралы заңды қабылдау керектігі туралы мәселені көтеріп келеді. Жыл сайын әртүрлі жағдайларға сілтеме жасалып, тоқтатылуда.

Мысалы, 2013 жылы Қаржы министрлігі «Мұндай тетіктерді елде 2016-2017 жылдарға жо- спарланып отырған қаржы жос- парларда бірдей декларацияла- уды енгізу кезінде ғана мүмкін болады» – деді.

Ал 2014 жылы Үкімет «ағым- дағы жылы жеке тұлғалардың банкроттығы институтын енгізу мәселелері бойынша заң жо- басының Тұжырымдамасын әзірлеу жоспарлануда» – деп жауап берді.

Енді бір-екі айдан соң 2021 жыл басталады, ал жалпыға бірдей декларациялау әлі де әзірленуде, бірақ бізге уәде етілген тұжырымдамасын, заңның өзін де көрген жоқпыз.

Ал адамдар болса банкротқа ұшырап, банктерден қорғауды сұрауға мәжбүр.

2015 жылы нәтижесіз хат жазысудан соң «Ақ жол» ҚДП фракциясы өзінің «Жеке тұлғалардың банкроттығы тура- лы» заң жобасын әзірледі. Бірақ Үкімет оны Қаржы министрлігі басқа «Жеке тұлғаларға қатысты ұқсас шараларды көздейтін заң әзірленуде» деген сылтаумен қабылдамады.

Ал 2019 жылы біздің осы мәселені шешуге бағытталған тағы бір әрекетімізге Үкімет



«Қазақстан Республика- сы азаматтарының төлем уәдесін орындау туралы» заң жобасын әзірленді» – деп жауап берді.

Бірақ ондай заң Парламент- ке келіп түспеді.

Осыған орай, «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы:

1) Барлық ипотекалық, тұтынушылық несиелердің және шағын және орта биз- нес үшін несиелердің шекті пайыздық мөлшерлемелерін азаматтарды кедейлік пен күйреуге ұшыртпайтын ақылға қонымды (7-8%) деңгейге дейін төмендету шараларын шұғыл қабылдауды талап етеді. Оның ішінде Президент Қ.Тоқаевтың

жуырдағы Жолдауында айтқан Ұлттық банктің ноталары бой- ынша табыстылықты шектеу арқылы жүргізілуі керек.

2) Шұғыл түрде «Жеке тұлға- лардың банкроттығы туралы» заң жобасын әзірлеуді және енгізуді сұрайды.

Олай болмаған жағдайда, несиелік рақымшылық туралы талаптар тұрақты болады, бұл қаржы жүйесін бұзады және осы уақытқа дейін банктер алдындағы міндеттемелерін орындауға тырысқан азамат- тардың да несиелерін төлемеуге итермелейді.

Құрметпен, «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары

Берік ДҮЙСЕМБИНОВ:

ТӨРТ ЖЫЛ БҰРЫН АҚЫСЫ ТӨЛЕНСЕ ДЕ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛДАРЫНА КӨГІЛДІР ОТЫН НЕГЕ ЖЕТПЕГЕН?



«Ақ жол» партиясының депутаттары төрт жыл бұрын ақысы төленсе де Түркістан облысының ауылдарына бүгінгі күнге дейін көгілдір отынның жетпегеніне ашулы. Фракцияның тиісті депутаттық сауалын Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов жолдады.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б. Б. Атамқұловқа
Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Н. А. Ноғаевқа
ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Бейбіт Бәкірұлы!
Құрметті Нұрлан Асқарұлы!

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл- ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында, өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру мәселесін ерекше алға қойған болатын. Осы Жолдауда, ең алдымен, тіршілікке және жұмыс істеуге қолайлы елді мекеннің және са- палы инфрақұрылымның болу қажеттілігі атап өтілген.

Елбасы бұдан былай халықтың табысы мен өмір сүру сапасы мемлекет тиімділігінің басты өлшемі болатынын және әрбір министр мен әкімнің жұмысы дәл осы параметрлер бойынша бағаланатынын ерек- ше ескертті.

Осы орайда, бүгінде ас- суын ағаш жағып әзірлеп, үйін көмірмен жылытып отырған халқымыз үшін газ қолжетімділігі өте өзекті, тұрмыс сапасының маңызды көрсеткіші деп санаймыз.

Алайда өткен аптада «Ақ жол» фракциясы депутаттарының Түркістан облысының тұрғындарымен кездесу ба- рысында, бұл мәселенің әлі де толығымен шешімі табыл- май отырғандығынан хабар- дар болдық. Ауыл азаматтары газбен қамту мәселесін тағы да қайталай көтеріп, әкімдердің әлем ескерінін шынықтан асым есептен жарыса айтып, жанайқайын жеткізді.

Әрине, рухани астанамыз Түркістан бүгінде күннен-күнге өзгеріп, қала келбеті облыс

орталығының мәртебесіне лайық, гүлденіп келе жатқандығын көріп отырмыз. Дегенмен, «шам жарығы түбіне түспес» деп атам қазақ ескерткендей, қазақтың кара шаңырағы – оңтүстік аймақ, инфрақұрылымдық даму, са- палы өмір сүру тұрғысынан тек Түркістан қаласымен ғана шектеліп қалмауы керек деп есептейміз. Оның үстіне қандай да бір еліміз күнін көре алмай қол қусырып отырған жоқ, әлемдегі 30 дамыған мемлекеттің қатарына кіреміз деп биік мақсат қойған ел. Бірақ, жылына 50 млрд. шаршы метр газ өндіретін Қазақстанның халқы сол газбен үйін жылыта алмаса біз қандай өмір сапасы ту- ралы айта аламыз, ондай әлемдік рейтингті қуны баспаймыз.

Мысалы, Түркістан облысы Келес ауданы 17 мыңға жуық халқы бар «Біртілек» ауылдық округының, «Еңбекші» және «Ораз ата» елді мекендерінің тұрғындарының айтуынша, осыдан 4 жыл бұрын аталмыш ауылдарға газ құбыры салы- нып, тұрғындар өз ақшалары есебінен үйлеріне құбыр тар- тып, газ пештеріне дейін қойып алған. Осындай жағдай Жетісай

ауданының Көктөбе ауылында, Сайрам ауданының жеті ауы- лында, Ордабасы, Қазығұрт ауд- даны ауылдарында орын алған.

Екіншісін орай бүгінгі күнге дейін осы ауылдарға көгілдір отын әлі жетпеген. Егер газ бол- маса, тұрғындардан неге 4 жыл бұрын қаржы жиналған?

Тұрғындармен кездесу кезіндегі шағымдарға сүйен- сек Жетісай ауданындағы 72 мектептің 39-ы әлі де көмір қызуымен жылынады. Мысалы:

М. Мәметова атындағы №33-ші;

№35 Қараөзек;

№69 Мақташы;

№30 І.Жансүгіров;

№32 Ш. Құдайбердиев атындағы мектептерге орналасқан елді мекендерге газ орнау 2014 жылы беріліпті, бірақ сол уақыттан бері аттай алты жыл өтсе де бұл мектептердің газға қолы жетпей отыр.

Газдың қосылмау себебін жергілікті әкімшілікте, өкілетті органдар әртүрлі техникалық себептермен түсіндіруде. Бірақ, мардымды, нақты жауап ала алмадық.

Әрине, сылтаудың түрі көп,

қағаз бәрін көтереді. Осы ауыл азаматтары мен мектептерге газдың жетпеуіне себеп болып отырған шенеуніктер мен газ құбырының басында отырған өкілетті органның басшыла- рына төрт жыл бойы көгілдір отынсыз отырған ауылдарға көшіп, балаларын суық мектеп- те оқытып, келе жатқан қыстың қарсаңында тезекпен жылынып өмір сүруге кеңес береміз. Сон- да мүмкін, бұл мәселе жылдам шешілер.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Ақ жол» фрак- циясы:

– Түркістан облысындағы аталған ауылдар мен мек- тептерге бүгінгі күнге дейін газ келмеуіне себепті, оған жауап- тартылғандығы жөнінде және бұл мәселе өз шешімін қашан табатыны туралы ақпарат сұрайды.

Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары

Алатаудың ар жағындағы айыр қалпақты ағайындар тағы да атқа мініп, алаңда ат ойнаты!.. Атойлатудың ақыры Ақ үйін өртеп, өздері үш жыл бұрын заңды сайлап алған президенттері Сооранбай Жиенбековтың ордасында ойран салды... Президенттің портретін тепкілеп, қызыл туларын жерде сүйретіп жүр көбісі...

ӨЗГЕНІҢ ҚАТЕСІНЕН ҮЙРЕНГЕН ЖАҚСЫ - БІЗДЕ ДЕ АЛДА САЙЛАУ ТҰР...



Тағы да Бішкектегі каншама карапайым халықтың дүкендері, мекемелер қиратылды, дүние-мүлік, құрал-жабдыктар тоналды!

Бұл осымен Қырғыз еліндегі біз білетін үшінші төңкеріс!

Бұны демократия деуге келе ме? Саясаттанушыларымыз айтып жатқандай нағыз охлократия! Охлократия дегеніміз грек тілінен таза қазақшалап айтсақ, тобырдың топалаңы деген сөз.

Мысалы, өзіңнің балаларыңның аузынан жырып тауып, солардың күн көрерің несібесі болсын деп салған дүңгіршегіңді біреулер қиратып, тонап кетсе немесе күнделікті мініп жүрген жалғыз мәшиненді төңкеріп кетсе, Алатаудың ар жағына аузының суы құрып отырғандардың өзі «демократияның» жетпіс жеті атасынан қалай қалай боқтар екен?

Демократия тек темірдей тәртіп пен әділ де, берік заң болғанда ғана жемісін береді. Әйтпесе, керісінше кесірі елге тиетініне көршімізге қарап көзіңіз жетіп отыр.

Әрине, төңкеріске себеп, тағы да сайлаудағы әділетсіздік!

Қырғызстанда мемлекеттік қалыптаспаған секілді әлі. Бір топ митингішілер Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті тұрмесіне барып, 11 жылға заңды сотталған экс-президент Алмазбек Атамбаевты шығарып ала салды. Бір өңірде біреу өзін сот сайлап алып, түрмедегілерді түгел босатып жіберді...

Министрлік ғимараттарына басып кіріп, өздерін министр тағайындап алып

жатқандарды көрсетіп жатыр телеарналар...

Қырғыз ағайындар көшеге жүз мыңдап шықса да, бір тал сындырмай, орындарында бір шырпы қалдырмай жинап кететін Белорустықтардың бекзаттығын үйренуі керек еді. Керегі билік пе, карапайым халық игілігіне, қоршаған ортаға зиянында тигізбе!

Белоруссияда президент сайлауындағы әділетсіздік бүкіл елді аландар мен көшелерге толтырды!

Өйткені, осы сайлаудың алдында ғана президент Жиенбеков Мәскеуге барып, Путиннің есігін күзетіп, дөргейіне жығылып келген еді...

Қырғыз президенті Жиенбековтың бір атап айтарлығы — әскерге халыққа оқ атпауға бұйрық бергені!

Белоруссиядағы халықтың жаппай наразылығында да президент Лукашенконың былай сырт көзге Ресейге қарсы тентектіктер



Қырғызстандағы төңкеріс халық көтерілісінен гөрі өмір бойы бітпей келе жатқан оңтүстік пен солтүстіктің соғысы, кландардың есебі жоқ есеп айырысуы екені елдің бәріне белгілі болды қазір.

Тағы бір нұсқа — сайлауда 16 партияның ішінде тек төрт партия ғана, олардың үшеуі билік партиясы және Ресейге мойын бұратындар екенін алға тартуда. Ұлттық мүддені көтерген оппозициялық партиялардың сайлаудағы әділетсіздік пен Ресейге қосылуды көтеріп жүргендерге қарсылығы дейді бұл көтеріліс. Бұның да жаны бар сөз деуге болады.

көрсетіп қойғанымен, өмір бойы тек Ресей тілінде сөйлейтін орысшылдығына бұрттың келе жатыр деген сарапшылар сөзіне де толық қосылуға болады.

Бір ғана нәрсе айқын — Белоруссияда да, Қырғызстанда да сайлау әділ өтсе, осындай көтерілістер болмас еді...

Көршің бүлініп, өртеніп жатса, көңілің қалай орнықсын! Сондықтан қырғыз бауырлардың ел Конституциясы мен заңдарына бағынып, мемлекет тұрақтылығын сақтау үшін елдікке, бірлікке келуін тілейміз.

Өзіңнен гөрі өзгенің қатесінен үйренген жақсы. Біздің елде де алда парламент сайлауы таяп тұр.

Билік көп елдердегі сайлаудағы әділетсіздіктер мен Тәуелсіздікті төрк еткісі аяқталдырп жатқанынан нақты сабақ алуы тиіс! Енді баяғыдай сайлауда қалаған дауыс санын жазып ала берудің соны орны толмас өкінішке ұласуы мүмкін...

Ең бастысы Ел аман, жұрт тыныш болып, Тәуелсіздіктің іргесі беки берсін!

Қазыбек ИСА
«Қазақ үні»

ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ КОНСТИТУЦИЯ МЕН ЗАҢ ТАЛАПТАРЫНА САЙ ШЕШІЛЕДІ ДЕП ҮМІТТЕНЕМІЗ

— Президент «Қырғызстанда болып жатқан оқиғалар — сол елдің ішкі мәселесі. Қазақстанда бауырлас Қырғызстанмен өзара дәстүрлі достық қатынастарды және дәстүрлі достық серіктестікті нығайту аса маңызды деп санайды. Сонымен қатар көршілес елдегі ахуалды тұрақтандыру ісі Қырғызстанның Конституциясы мен

заңдарына сәйкес жүзеге асырылды деп үміттенеді. Қырғыз халқы өз мемлекетінің ұзақ мерзімді мүддесі үшін күрделі жағдайдан шығудың тиімді жолын табады», — деді.

Берік УӘЛИ
ҚР Президентінің
баспасөз хатшысы

ЖЭЭНБЕКОВ ХАЛЫҚТАН ОТСТАВКАҒА КЕТУІНЕ МҮМКІНДІК БЕРУІН СҰРАДЫ

Қырғызстанның премьер-министрі болуға үміткер Садыр Жапаров президент Сооранбай Жээнбековтің отставкаға кеткісі келетін мәлімдеді. Мұны ол алаңға жиналған жақтастарының алдында айтты.

Айта кетейік, Қырғызстандағы халық көтерілісі төртінші күннен бері жалғасып жатыр. Бүгін ереуілге шыққандар Үкімет үйіне басып кірмекші болған. Алайда, «көк жилетті» еріктілер тобы оларға бөгет болды. Айтуларына, митингке жиналғандардың көбі — аяқатынша үкіметті қолға алған Садыр Жапаровтың жақтастары. Ал, осы жақтастарының алдында сөз сөйлеген Жапаров мемлекет басшысы Сооранбай Жээнбековтің отставкасы жайлы сөз қозғады.

Жээнбеков бір депутат арқылы өзінің тыныш отставкаға кетуіне мүмкіндік беруін сұрады. Мен бұл жағдайдағы жалғыз бейбіт жол деп санағандықтан келістім. Егер біз бүгін тұрақтылықты қайтармасак, онда мен ертең не болатынын айта алмаймын. Қазір ақша таратып, арандату оқиғалары болып жатыр. Оған ілеспендер. Мен тек жастар жағындамын. Осы жерден тарап кетіңіздер. Мен күніне екі рет мағлұматтарды айтып тұрамын. Бүгін төртінші күн ұйықтаған жоқпын. Бабановқа да бардым, Текебаевқа да жолықтым. Қосан Асановқа да бардым. Үш күннен бері тек кездесулермен жүрмін, — деді Жапаров.

Алайда, оның өтінішін ел тындамады, алаңға жиналғандар тарай қойған жоқ. Микрофонға ұмтылған адамдар арандату сөзі, Жапаровты қолдаған топ оны Үкімет үйіне жылдам алып кетті. Ал, оның артынан ғимаратқа кірмек болғандарды «көк жилеттілер» ұстап қалды.

Арандатуға ұрындырмай, тыныштықты сақтау үшін үш күннен бері жүрміз. Мемлекеттік ғимараттарды күзетіп жатырмыз. Жастардың басын біріктіріп, осы үстіміздегі форманы да өз ақшамызға тіктірілдік. Қырғызстанның жастары ұрлыққа бармай, елде тәртіп

орнағанша осылай жүреді, — деді «Елдік қоғам» еріктілер ұйымының мүшесі Есентөре Асылмырза.

Көтеріліске шыққан халықтың талабы көп. Ең негізгісі — талан-таражға түскен кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару. Айтуларына, бұрынғы билік халықты тентіретіп жіберген. Салдарынан, шетелге жұмыс іздеп кеткен қырғыздар саны арта түскен.


Партиялық жүйеден шаршадық, сайлау әділ өткен жоқ. 30 жылдан бері сасыған саясатқа шыдап келдік. Қиналып кеттік. Елдегі кен орындары, Жалалабад облысындағы алтын кенішінен шыққан байлықты өзге елдерге тасыды. Басқа елге құл болмауымыз керек. Әке-шешесінен, баласынан айрылып, өзі түрмеге отырып шықса да, алған бетінен қайтпай билікке келген Садыр Жапаровты қолдаймын, — деді қоғамдық белсенді Гулмира Ахматова.

Халық Парламенттік сайлауда жеңіске жеткен билікшіл үш партияның жетекшілері әлі де күрес жүргізіп жатқанын айтады. 5 қазан күні «Достық» қонақүйінде өткен Жогорку Кенештің отырысында Парламенттегі 120 депутаттың 67-сі Үкімет басшысына уақытша Садыр Жапаровты сайлаған еді.

Қырғызстанда қазір тыныштық орнап келеді. Ел билікке жастардың келгенін қалайды. Алайда, бұрынғы биліктегілер жас саясаткерлердің артында тұр. Мәселен, Тілек Токтағалиев «Ата Мекен» оның артында Қырғызстанда бұрын сотталған Омурбек Текебаев тұр. Ол сотталып шыққандықтан сайлауға түсе алмады. Осылайша, бұрынғы кландар жастар арқылы қайта билік жүргізгісі келеді. Ел лидер көре алмағандықтан Садыр Жапаровты қолдап, алаңға шықты, — деді митингіге жиналудағы мақсатын түсіндірген тәуелсіз сарапшы Жоодар Бузумов.



Шығыс Қазақстан облысының жер қойнауында қазба байлықтар молынан кездеседі. Мұнда мырыш, қорғасын, мыс, күміс, алтын, кадмий, темір, молибден, вольфрам, титан сияқты тағы да ондаған әр түрлі химиялық шикізаттар мен құрылыс материалдарының кен орындары бар. Асқар Алтайдың аясында орналасқан Шығыс Қазақстан аймағы өзінің экономикалық қуаттылығымен ғана емес, тамылжыған табиғатымен де әлемге танымал. Сондықтан да елімізге келген туристер шұғылалы Шығыс аймаққа соқпай кетпейді.



ТУРИЗМ - ТИІМДІ ТАБЫС КӨЗІ

Өр Алтай, Асқар Алтай, асқан Алтай, Анамдай әлпештеген жастан Алтай. Суы бал, көдесі май, жері майса, Ағызған сары алтынды тастан Алтай... – деп әнге қосатын бұл ежелгі өлке еліміздегі дамыған аймақтардың бірінен саналады. Бүгінгі заманда әлемдегі алдыңғы қатарлы елдер туризм саласына баса мән беріп, оны мол табыстың көзіне айналдырып отырғаны аян. Туризмді дамыту – еліміздің тарихын таныстыру, мәдениеті мен қуатын көрсетудің тиімді жолы. Сонымен қатар өз адамдарымыздың да демалуына, емделуіне мол мүмкіндік жасайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында туризмнің, әсіресе, эко және этнотуризмнің дамуына экономиканың маңызды саласы ретінде ерекше көңіл бөлуді тапсырғаны белгілі.

Ел Президентінің тапсырмасын басшылыққа алған облыс әкімі Даниал Кенжетайұлы Ахметовтың бақылауымен тиісті басқарма басшылары бұл бағытта соңғы жылдары көптеген жұмыстар атқарды.

Соның бірі – Алакөл демалыс аймағын бүгінгі заман талаптарына сай абаттандырып, жаңа инфроқұрылымдар салып, демалушыларға лайықты жағдай жасау бопшылауда.

Алакөл – Алматы және Шығыс Қазақстан облысында орналасқан аумағы мыңдаған гектар жерді алып жатқан тұйық көл. Шебер табиғаттың өзі ұлтымызға сыйға тартқан ең ғажайып көлдердің бірі. Көл теңіз деңгейінен 247,3 метр абсолюттік биіктікте орналасқан. Көлдін аралдарымен қоса есептегендегі аумағы 2696 шаршы шақырым, ұзындығы 104, ең шығыңқы ені 52 шақырым. Орташа тереңдігі 22,1–54 метр аралығында. Алакөлге 15-тен аса өзен құяды.

Алакөлдің ең басты артықшылығы – емдік қасиеті өте мол ағынсыз суы. Қуаң даладағы құрғақ ауа теңіз бетіндегі дымқалы ауамен араласып адамға жағымды әсер береді. Көл суы минералды ресурстарға, йодка, тұзға, химиялық элементтерге бай. Көл суының денсаулыққа пайдасы зор екені медициналық тексерістермен дәлелденген. Кеңестік кезеңде Алакөлде «Ғарышкерлер үйі» жұмыс істеді. Ұшқыштар бойыншағы радиациядан осы көлде демалу арқылы арылатын.

Алакөл демалыс жағажайы қазір баршаға жақсы таныс. Демалыс аймағында жүргізілген соңғы жөндеу жұмыстарынан кейін, Алакөлдің көркіне көрік қосылып, жыл сайын демалушылардың қатары көбейіп келеді. Мол суы көптеген ауруларға ем. Адам денесіндегі қотырлар мен жаралар суға бірнеше рет сүңгігеннен соң жазылып кетеді. Мұнда жағаға жақын және тығыз орналасқан демалыс үйлері мен мейрам-



ханалар өте көп. Алакөлдің шипалы суын шетелдіктер де жақсы біледі. Бұл жерге Ресейден, Украинадан, Орталық Азия елдерінен адамдар көптеп келеді.

Соңғы статистикалық көрсеткіштер бойынша көлдің Шығыс Қазақстан облысына қарасты аумағына былтыр 600-ден астам демалушы келіп ем қабылдаған. Бүгінгі күні келушілер саны 8,4%-ға артқан. Бұл республика көлемінде төртінші орында тұр деген сөз. Ал, соңғы үш жылда демалушылар саны 33 пайызға артқан. Қазіргі таңда бір кезеңде 33 мың адамды қабылдай алады. Демалушыларға көрсетілген қызмет 6 млрд. теңгеге жетті.

Алакөл еліміздегі он үздік демалыс орындарының қатарынан саналады. 2019 жылдың өзінде ғана Алакөлге 143 480 адам демалуға келген. Қазір жағалауда 12 мың орындық 175 демалыс базалары жұмыс істейді. Өңір әкімінің қолдауымен 2016 жылдан бері Алакөл демалыс аймағын абаттандырып, жаңа инфроқұрылымдар салуға обыстық бюджеттен 6 млрд. теңгеден аса қаржы бөлінді. Алдағы төрт жылда тағы да 30 млрд. теңге көлеміндегі 6 инфроқұрылымдық жобаны іске асыру көзделіп отыр.

Биылғы жылы «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша туризмді дамыту үшін электр жүйесі


мен су торабын салу және санитарлық-гигиеналық құрылымдар салу сияқты үш жоба қосылды. Сондай-ақ, Алакөл жағалауын жақсарту үшін облыстық бюджеттен қосымша дәретханалар, киім ауыстыратын орындар, ақпараттық сілтемелер, құтқарушылар мұнарасы және су көлігі тоқтайтын айлақ жасалды.

Көл жағалауында 230 орынға арналған төрт жұлдызды «Керуен Плаза» қонақ үй кешені мен ашық аспап астындағы 3700 көрерменге есептелген Латвиядағы Юрмаладағыдай үлкен концерттер өткізуге мүмкіндік беретін «Alazone Arena» сахнасын салу бойынша инвестициялық жобалар іске асырылуда.

Облыс әкімінің тапсырмасына сай көл жағалауында қазіргі заманға сай қонақ үйлерін салуға арналған жаңа инвестициялық аймақ айқындалды.

ШКО Туризм және сыртқы байланыстар басқармасы басшысы Марат Саятұлы Қабақовтың айтуынша, аталмыш аймақтағы жер телімдері инвесторларға байқау жариялау арқылы берілетін болады. Яғни, байқау жеңімпаздарына мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілмекші, құрылыс жүргізу уақытына жер жалға, одан кейін жеке меншікке берілетін болады.

Бұдан басқа Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ мамандарымен бірлесіп өткізілген зерттеулердің нәтижесінде Алакөл жағалауына жақын жерде радионды су көзі табылды. Қазіргі таңда



табылған судың құрамы қосымша зерттелуде. Аталған жай Алакөлде тек жазғы ғана емес, жыл бойындағы демалысты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін болады.

Облыста бұдан да басқа туристік бағыттар қолға алынып жатыр. Шекаралық аймақтарда туристік жаңа маршруттар ашылмақшы. Оның бойында арнаулы бағытты сілтеуші ескертпелер ілінеді. «Марқакөл» қорығында, «Тарбағатай» және «Қатон-Қарағай» ұлттық паркінде шетелдерегідей үш тілде жазылып дайындалды.

IAMSTERDAM сайтының үлгісімен бүкіл ақпараттың беретін портал қазанды. Бұл сайтта 73 туристік маршруттар көрсетілген. Соның ішінде ұлы Абайдың туғанына 175 жыл мерейтойын атауға негізделген бағытпен Жидебай Бөрліні де барып көруге болады. Сондай-ақ, былтыр облысты көлікпен аралайтын арнайы экспедиция ұйымдастырылды. Бұл бағытта Алакөл, Марқакөл, Зайсан көлі, Қатон-Қарағай ауданы, Риддер қаласы, Жидебай кешені қамтылды.

Туризм ісінде көпшілік мәдени іс-шаралар ұйымдастыру да маңызды. Ол келушілердің көңілді демалуына үлкен әсерін тигізеді. Мысалы, жыл сайын Алакөл жағалауында «Алакөл алаулары» атты екі күндік фестивалі өткізіледі. Шымылу маусымының салтанатты түрде ашылуы да үлкен мерекеге айналады. Бұл Фестивальдар үлкен қызығушылық тудырып, оларға 5 мыңдай адам қатысты. Оған Қазақстан өнер жұлдыздары шақырылып концерттік бағдарлама ұсынылды. Сонымен бірге түрлі спорттық ойындар ұйымдастырылды. Мұндай ірі мерекелерге облыстағы балалар үйлерінің тәрбиеленушілері де шақырылады. Олар да өз өнерлерін ортаға салады. Одан бөлек «Үміт» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне кәсіпкерлердің көмегімен бір жұма Алакөл жағалауында демалуға жолдамалар берілді.

Ішкі туризмді насихаттау мақсатында 10 пресс-тур өткізілді. Оған қазақстандықтармен бірге британдық BBC телеарнасы мен халықаралық «Мир» телеарнасы қатысты. Осы іс-шарада аймақтағы туризм жайлы жасалған бейнетүсірілімдер аталған телеарналарда көрсетілді. Бұл біздің облыстағы туристік мүмкіндіктерді белгілеуге таныстыруда үлкен рөл атқарды десек болады.

Туризмді дамыту – тиімді табыс көзі. Сонымен бірге елімізді, мәдениетімізді, өнерімізді, тарихымызды өзгелерге көрсетуге жол ашады. Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігі алдағы уақытта да бұл бағытта белсенді жұмыс істей бермекші. Ал, ондай мүмкіндіктер аймақта баршылық, тек соны уақтылы іске асыра білу қажет.



обком хатшыларының бірде бірі жетпеген еді.

Ерекеңе Еңбек Ері атағы берілісімен, әсіресе Алматыда оның артынан пыш-пыш сөз айтушылар көбейді. Қазақтың «жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер» дегені шындыққа айналды. Қонаевтың төңірегінде жүргендер жай сөйлеп емес, шайқап сөйлей бастады, «елуге жетпей Еңбек Ері атағын алған Әуелбеков, енді бір-екі жылдан соң екінші жұлдыз алса, өзінді тағыннан кетіреді» дегенді Димекенге жеткізуге асықты, соған бар күштері мен қулық-сұмдықтарын салып бақты. Ақыры сол сөз тасушылар өз ойлағандарына жетті.

Әуелбеков алдымен артта қалған Торғай облысын көтеруге жіберілсе, жеті жылдан соң Ерағаны «Қызылорда облысының экономикасы мен әлеуметтік саласын көтеру үшін» деген дақпыртпен Сыр өңіріне жібереді. Мұның бәрі Алматыдағы ақ үйде жасалынған сценарий бойынша жүзеге асырылып отырды.

Қ и ы н д ы қ т а н қаймықпайтын Әуелбеков үшін мұндай «тағайындау» оның жігеріне құм құя алмады. Қайта ол екі облыстың да проблемаларын шешудің жолдарын тапты. Ал оның тәжірибесі бүкіл республикаға үлгі бола бастады.

Мысал ретінде, Қазакстан Компартиясы XVI съезінде сөйлеген сөзінде Әуелбеков делегаттар назарын Қызылорда облысының не себепті үнемі артта қалып келгенін, оған республика басшылығы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінбегенін, уақыт талабына сай халқының 90 процентін қазақтар құрайтын аймақта ерекше назар аудару қажеттігін ашына жеткізді. Сол сыннан соң Алматыдағы сөз тасушылар өзара лауазым үшін таласудан, бірін-бірі көре алмаудан, ру мен жүзге бөлінушіліктен аса алмады.

Сол кезден бастап, біреулер Д. Қонаевтың орнын басар бірден-бір адам Әуелбеков десе, басқалары ондай жоспардың алдын алып, Ерекеңді Алматыға жолатпаудың түрлі қитұрқы амалдарын ойластырумен болды. Өкінішке орай, Димаш Ахметұлы да пенделілік танып, оның қабылетін қоғам мен мемлекеттің мүддесіне пайдаланудың орнына өресі төмен адамдардың жетегінде кетті.

Елдің экономикасы мен

саяси жүйесін Горбачевше реформалау барысында СССР Халық депутаттар съезіне баламалы кандидаттарды ұсыну басталды. Сол кезде республика басшылығындағы Г. Колбиннің орнына талас басталуына байланысты Е. Әуелбеков Алматыда жасалған сценарий бойынша Қызылорда облысынан СССР Халық депутаты болып, СССР Жоғарғы Кеңесінің аймақтық даму комитеті төрағасының орынбасары қызметіне сайлау арқылы жіберіп тынды.

Мен өзім 1989-1991 ж.ж. аралығында қазақ радиосының Мәскеудегі СССР Жоғарғы Кеңесінде парламент тілшісі болған кезде, комитет отырысында оның мүшелері елдің, халықтың көкейтесті мәселелерін шешумен емес, саяси ойынға беріліп, әркім өз көрпесін өзіне қарай тартумен айналысатынын байқадым. Қаракан бастарының камдары үшін ғана тірлік жасаудың әрекеттеріне көңілі толмай жүрген Ерағаны талай кездестірдім.

Бір жолыққанда «мынандай күйімізбен елден айырылып, халықты тентіретіп жіберетін шығармыз» деп ішіндегі күйігін жасырмап еді. Шынында да, көпшілікті ұшқыр ойымен, өткір сөзімен, қонымды ұсыныстарымен өзіне қаратып алатын асыл ағаның осындай күйзеліс жағдайда жүргенін көру бізге әрі өкінішті, әрі ауыр еді.

...Бір топ қазақстандық журналистер – Сарбас Ақтаев, Қажы Қосқан бәріміз атғаш рет СССР Халық депутаттарының I сессиясына барғанда, алғашқы жолыққанымыз Мұхтар Шаханов болатын.

Мұқан өзіне тән бауырмалдылығымен бәрімізді бауырына қысып, амандық саулықтан кейін біреуді іздегендей жан-жағына қарап алды да: «Ал жігіттер, ана жерде оқшаулау жүрген Ерағаға сәлем бергендерің жөн болар. Естеріңе салайын, мен халық депутаттарының бірінші съезінде өзер дегенде кезек алып, мінберден 86-шы жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты ашы шындықты жан айқайыммен жеткізгенде, Қазақстанның 99 депутаты маған сырт қарап, амандаспай қойған. Сонда Ераға келіп: «Жарайсың Мұхтар, азаматтығыңды таныттың» деп арқамнан қаққаны бар. Өзім жабырқау жүргенде, Ерағаны ұсын әсер етті, – деп еді.

Мемлекеттік қызметті мінсіз атқара жүріп Әуелбеков өзін ары таза, дарынды басшы ретінде танытқандықтан болу

керек, 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан көтерілісі кезінде республика басшылығына кімдерді тағайындау жөніндегі қазақ жастарының жолда ұстаған плакаттарында Еркін Әуелбековтің есімі бірінші аталған болатын.

Г. Колбин Қазақстаннан кетісімен де оның орнына қойылатын кадрлардың ішінде Еркін Нұржанұлының есімі жиі аталатын болды. Оның жолын кесу үшін арнайы тапсырма алғандар, Мәскеу мен Алматы арасында тоздырды. Сол жылдары Қазақ ССР-ның Мәскеудегі тұрақты және өкілетті өкілі болған Серікболсын Әбділдин ағайды жолықтырып, осы мәселеге байланысты жөн сұрағанда былай деген еді: «Бұл адамдардың көбі мемлекеттің жұмысымен жүрген жоқ, бос тұрған лауазым – Қазақстанның бірінші басшысына кімдерді қою немесе қоймау жөнінде арыз тасушылар» деп күле жауап беріп еді. КПСС Орталық Комитетінің адамдары Мәскеуге келіп түскен хаттарды тексеруге мені шақыратын. Басты үміткерлердің ішінде Е. Әуелбеков, З. Камалиденов, Н. Назарбаев, М. Сағдиев және М. Меңдібаевтар болды. Сол жақта жүріп, мен сол арызшағымдардың түгелін оқып шықтым. Кім жазғандарынан да хабарым бар.

Мәскеуден егемен еліне келген Ерағаны мұнда ешкім күтпеп еді. Сондықтан, біраз уақытқа дейін Ерекең жұмыссыз жүрді. Республикалық газеттерде «есімі бүкіл елге белгілі мемлекет қайраткері Еркін Әуелбеков не себепті жұмыссыз отыр, бұл дегеніміз тәуелсіздігімізге дақ түсіретін жағдай ғой» деп дабыл қаққан мақалалар шыға бастады. Ақыры, Ерағаға Президент кеңесшісі деген қызметі ұсыныла салды. Бірақ ол кісінің кеңесі ешкімге керек болмады.

Мен таңертен немесе кешке қарай Ерағаны көшеде жиі кездестіруші едім. Сөзге тартып, денсаулығыңыз қалай дегенде «құдайға шүкір» деп, қысқа қайыратын. Шынында да, Ерағаның сырқаттанып, ауруханаға түсті дегенін естіген емеспін. Бірақ сәлем бастығының білініп тұратын. Тек қана өткір жанарынан әлде бір сыртқа шықпай жатқан шер жатқандай көрінетін.

Еркін ағаның дүниеден озуы да кенеттен және жұмбақ күйінде қалды. Күл жанығеміздің аға қазасына байланысты айтқаны: «Ерекең ешқашан ауырып немесе дәрігерлерге барып көрінбеп еді. Қаза болатын күні төртінші басқармаға қарасты емханасының қайта-қайта шақырғанына барып, бір тісін емдетіп, укол салдыртқаны бар» дегені бір жұмбақтың шешілмей қалғанынан сыр шертіп тұрғандай.

Менің творчестволық өмірімде кездескен жоғары лауазымды қайраткерлердің ішінде Ераға бәрінен де білімі мен біліктілігі, азаматтық келбетінен таймайтын дарындылығымен ерекшеленіп тұратын мемлекет қайраткері болды дер едім.

Әуелбековтің өнегелі өмірі мен азаматтық бейнесі оны білетін барша жұрттың есінде мәңгілік сақталады деп ойлаймын. Қайран, Ераға, сағындық қой өзінді...

Мейрам БАЙҒАЗИН,
Нұр-Сұлтан қалалық
ардагерлер кеңесінің мүшесі

шешендігінен сескенетін еді. Сондықтан ол Д. Қонаевпен кездескен сайын Әуелбековке қамқоршы болғанын, оны өсіру керек екендігін жиі-жиі айтып жүретін. Екі басшының арасындағы тартыстың тамыр жайып кетуін қаламаған Димекен болашағынан үлкен үміт күттіретін Е. Әуелбековті Моторикоға жығып бермей, оны Қазақ ССР Астық өнімдері және құрама жем өнеркәсібі министрі етіп жоғарылатып жібереді.

Тың игеру жылдары Қазақстанның ауылшаруашылығы мен өнеркәсібі зор қарқынмен дами бастады. Осы кезеңде Қазақстанға бет бұрып Ресей мен басқа республикалардан ағылған кадрларда есеп болмады. Әсіресе, солтүстік облыстардағы жағдай еш сын көтермейтін қалға жетті. Мұндай келеңді көрініс бірінші басшысы Димаш-аға Қонаевтың назарынан тыс қалмады. Көкшетау облыстық партия комитетіне бірінші басшыны тағайындау кезінде, Дінмұхамед Ахметұлы үміткерлерді көп таңдамады. Жас та болса басшылық қызметтің түрлі сатысында ысылып үлгерген Әуелбековке ұсыныс жасады. Ұзақ жылдардан бері Көкшетау облысында бірінші басшының басқа ұлттан болуына байланысты, жергілікті кадрлардың үнемі назардан тыс қалатынын, жас қазақ мамандарын өсіріп, шаруашылықтың түрлі салаларына орналастыру керектігін, оларға қолдан келгенше жағдай жасау қажеттілігін ескертті.

Бірінші басшылық қызметте жүріп, Еркін Нұржанұлы облыстың экономикасы мен ауылшаруашылығы республикадағы алдыңғы қатарлы аймақтардың қатарына қосты, ұлттық кадрлардың білім алып, қызметтерінің өсуіне

үнемі қамқорлық жасап отырды. Дикандар арасынан үздік жетістіктерге жеткен қазақ жігіттеріне Социалистік Еңбек Ері атақтарын алып берді. Көптеген аупарткомның бірінші хатшылығы мен аудандық атқару комитеттері төрағалығына жергілікті кадрлар тартылды.

Бұл арада ерекше атап өтетін жағдай, Еркін Нұржанұлы кадрларды іріктеуде тамыртаныстық немесе жекжаттық емес, адамның қабілеті мен іскерлігіне ерекше назар аударатын. Бұл принциптен Ерекең ешқашан ауытқаған емес. Бірін асып осындар еді. Ерекең облысқа демалуға ара-тұра келетін Леонид Ильич Брежнев те, республиканы ұзақ жылдар басқарған

Димаш-аға Қонаев та байқады, соған орай олар әділ бағасына берді де. Қырық бірінші жасағана асқан шағында Еркін Әуелбековке ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Осындай жаста мұндай атаққа республикадағы



«Жүт жеті ағайынды» деп қазақ атамиз бекер айтпаған екен. Құлық-сұмдығы қырық қабат қытайлықтардан тараған коронавирус бүкіл әлемді шулатып, «аспан асты еліміз» көрші отырған біздің де іргемізді шайқап, қаншама адамдарымыздың өмірін жалмап кетті. Ковид қатері әлі де сөйілме жоқ, енді болшағмыз балаларға ауыз сала бастады. Тіпті ауа-райын да дәлдікпен дұрыс болжай алмайтын біздің үкіметтік құрылымдардың алдынала, осыдан бірнеше ай бұрын айтқан «көріпкелдігі» айна-қатесіз келетін түрі бар. Қазірдің өзінде балалардың да індет жұқтырып, екі баланың қайтыс болғаны жайында хабар таратылды. Ол аздай «құс тұмауы» шығып, кей өңірлерде жылқылардың ауруға шалдыққаны айтылып жатыр. Жауынның азығына байланысты мал азығының қоры мен биылғы егіннің шығымы да мәз емес...

мемлекеттік бағдарламалар аясында 874 мың адам жұмыспен қамтылған, өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 82,1%-дан асды екен. Асқар Маминнің айтуынша, қабылданған шаралар нәтижесінде әлеуметтік маңызды тауарлар бағасының артуын 4,4% деңгейінде ұстап қалған. Бұл өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда екі есе (8,7%) төмен көрінеді.

Мына есепке қарасак, өндіріс

путат не министр бола алмайды ғой. Мұндай айлықпен қалай өмір сүруге болады? Тұрмыстың төмендеуінің көптеген себептері бар. Соның бірі – күнделікті тұтынатын азық-түліктің тұрақты қымбаттауы. Оған жыл сайын көтеріліп тұратын коммуналдық төлемдерді де қосып қойыңыз. Сол кезде қарапайым адамдардың 70 мыңмен қай жыртығын жамарын білмей қалары өзіне өзі түсінікті болады.

Әрине, елдегі инфляцияға

тауарға соншалықты көп сұраныс болмағаны белгілі. Бірақ, елдегі ауыр жағдайды ескермеген бағаның мұнша шарықтауына қарасақ, бізге жабайы нарық ешқандай ережені ұстанбайтын сияқты. Зейнетақы немесе мемлекеттік қызметкерлердің айлығы көтеріледі деген сыбыс шығысымен-ақ сауда орындары бағаны көтеріп ала қоятынын көріп жүрміз. Оны нақты бақылауға алып жатқан ешкім жоқ. Жергілікті билік, осыған жауапты мекемелер жоғарыға жалған есе беретінін осыдан-ақ көруге болады. Бағаның мұндай «еркіндігі» ешбір елде жоқ шығар.

Нарыққа енген соң бағаны мүлдем тұрақтандыру ешкімнің қолынан келмейді. Бірақ оны тежеу тетіктері болу керек. Онсыз жабайы сауда жайлап кетері анық. Үкімет тарапынан бірқатар шаралар қолданылғанмен нәтиже шамалы. Айталық, еліміз бойынша өңірлерде тұрақтандыру қорлары жасакталған. ҚР Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов бұл бағытта қыруар қаржы жұмсалып жатқанын айтқан болатын. Азық-түліктің мол қоры жасалғанын Премьер-министр де айтты. Мұның бәрі елді аш қалдырмаудың амалы екені түсінікті. Мәселе байлаусыз кеткен бағада болып тұрған жоқ па?

Әлемде экономикалық зандылыққа қатысты «тауардың өзіндік құны» деген түсінік бар. Оған материалдық, адам күші, өндіруге кеткен уақыт сияқты шығындар кіреді. Одан кейін ғана қосымша құн өндірушінің пайдасын белгілейді. Бізде осы қосымша құн өз шегін жоғалтып алған. Екіншіден, ортада делдалдар өте көп. Мысалы, журналистік іс сапармен Екібастұзда болғанымыз бар. Алып орталықтан қуаттың бір киловаты сол кезде бір теңгеден шығады екен. Екібастұз қаласында 4 теңге, қасындағы Павлодарда 6 теңге. Ал Алматыда 11 теңге болды. Сонда электр қуатын олар пойызбен тасып жатыр ма? Электр желілері бұрынғы кенестік кезеңнен қалғандар. Ортадағы әрбір делдал бір теңгеден қосса да баға шарықтап шыға келеді. Сол сияқты ауылдан әкелген өнімнің иесі оны өзі базарда сата алмайды, табалдырығын да атталтырмайды. Тағы да ортаға делдалдар кіреді.

Қайда болса да өндіріске электр қуаты мен жанармай ауадай қажет. Тіпті ауылда да онсыз күн жоқ. Жер жырту, егін ору үшін де техникаға жанармай қажет. Ал, оның бағасы удай. Науқан кезінде тіптен көтеріліп кетеді. Мұнайлы ел болсақ та арзан жанармайға жарымай-ақ қойды. Мұнай арзандаса да, қымбаттаса да жанармай бағасы бір түспейді. Өйткені оны өндірушілер шетелдіктер немесе өзіміздің монополистер. Оларға биліктің күші жетпейді. Қуат көздері қымбат болғандықтан өндіретін тауардың да бағасы көтеріледі. Тұрақтандыру қорларына миллиардтап ақша құйғанша осы монополистер мен ортадағы делдалдарды оңтайландыру қажет. Мемлекет басшысы мекемелердегі қызметшілер санын қысқарту туралы тапсырма берді. Енді біздегі сансыз басы артық мекемелердің өзін қысқартуды қолға алған жөн. Бұның бәрі бір күнде, бір айда орындала салатын жұмыс емес. Оған уақыт керек. Ал, шыр айналған сағаттың тіліндей баға бір орында тұрмайды. Сондықтан, күнделікті тамағын әзер тауып жеп жүрген қарапайым тұрғындарымызға «қымбатшылық қамыты мойнымызды қанжоса етті» деуден басқа амалы жоқ...

Зейнолла АБАЖАН

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚҰРСАУЫНАН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?

«Сыныққа айтар сылтау» қашан да табылады, бар кінәні коронавирустың мойнына арқанмен, қоғамды қанқасатқан одан да басқа – жемқорлық, импортқа тәуелділік, білім мен денсаулық сақтау және басқа да саладағы былықтарымыз бір басымызда жетіп артылады. Ресми деректерге қарасақ, еліміздің экономикасына тікелей кері әсер еткен індет кесірінен Қазақстанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз адамдар саны 5,7 пайызға артқан екен. Бұл жайлы статистика комитетінің дерегін зерттеген сараптамалық «Finprom» сайты хабарлады. Ал, 2019 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз ақша алатын адамдар 4,2 пайызды құрағаны белгілі. Әрине, мұның бәрі тек қана ресми мәліметтер. Ал, шын мәнінде бұл көрсеткіш бірнеше есе жоғары екені белгілі, оны қарапайым халық өз көзімен көріп, өз басынан өткеріп жатыр.

Аталмыш ақпарат бойынша, кедейлер саны жағынан Түркістан аймағы (12,8%), Солтүстік Қазақстан облысы (7,4%), Жамбыл облысы 6,9 пайызбен алда тұр. Әлеуметтік ахуалы жақсы деп саналатын Алматы мен Шымкент сияқты мегаполисте тұрғындардың табысы да былтырмен салыстырғанда айтарлықтай азайған. Алматыда кедейлік деңгейі – 6,2 пайыз (былтыр екінші тоқсанда 2,6 пайыз), Шымкентте 6,4 пайызға (өткен жылы 3,1 пайыз) жеткен. Бірқатар зерттеушілердің мәлімдеуінше, Қазақстанда экономикалық белсенділік төмендеп, коронавирус дағдарысының әсері қатты біліне бастаған тұста кедейлену барлық өңірде анық байқалған. Бүгінгі күні елімізде табысы күнкөріс деңгейінен аз 1,1 миллион адам бар екен. Тіпті осы толық емес деректің өзі қаншама адамдардың тапқаны тамағынан артылмайтынын, мына қымбатшылық жайлаған кезеңде қиналып жатқанын көрсетеді.

Жақында Үкімет отырысында қолданылған шаралардың барысында елдегі азық-түлік бағасы жыл басынан бері 4,4 пайызға ғана қымбаттады деп айтылды. Ал сауда орындарында басқасын айтпағанда аса қажет азық-түлік тауарларының бағасы аспандап тұр. Ол жыл бойы әлсін-әлсін көтеріліп, онсыз да қалтасы жұқа халықтың сатып алу мүмкіндігін тым төмендетіп жіберді. Осыған қарап, ресми статистика мен нарықтағы бағамда тағы да әдеттегідей алшақтық пай-

да болғанын байқаймыз. Бағам деңгейін ресми түрде төмендетіп көрсеткеннен азық-түлік арзандап кете ме? Әдетте бізде жағымсыз жаңалықтарды жасырып, оң өзгерістер орын ала қалса он рет айтқайлап айтылатыны баршаға аян. Былайша айтқанда ашықтық жоқ, көп жағдайда құпия күйінде қалады. Ресми орындар өздеріне қолайлы мәліметті ғана халыққа ұсынады. Ал, «өтіріктің құйрығы бір тұтам» екені белгілі, ол кейін бәрібір ашылады. Солай болып жатса да үкіметтегілердің сол үшін беттері қызарғанын көрмеппіз. Бәлкім олар халықты дүрліктірмейік деген бағытты ұстанатын шығар. Бірақ жағымды өтіріктен ашы шындық артық емес пе? Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та айтқан болатын.

Кеңесінен шыға бермейтін лауазымдылардың азық-түлік бағасы жыл басынан бері 4,4 пайызға ғана қымбаттады дегеніне ешкім сенбесі белгілі. Бұл ақпарат тауарды күнделікті сатып жүрген саудагерлер мен оны тұтынушыларды таңалдырғаны анық. Олардың айтуларына, биылдың өзінде азық-түлік құны орта есеппен алғанда кемінде 10 пайыздан аса қымбаттап кеткен. Сонда кімге сенеміз? Әрине күнделікті сауда жасап жүргендер мен тұтынушыларға. Дүкен мен базардың бетін айлап, тіпті жылдап көрмейтін жоғары лауазымдылар мен қалтасы қалың байлар бағаның басымызға шығып кеткенін қайдан білсін? Олар сол баяғыша төмендегі қызметкерлердің берген есебіне имандай ұйып, соны ресми түрде жариялайды, сөйтіп қып-қызыл өтірікші болып шыға келеді. Осы жерде көпшіліктің көкейінде күдік тудырған мына бір мысалды айта кетсек артық емес шығар. Осы жақында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысын қабылдап, биылғы қаңтар-тамыз айлары аралығындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есебін тыңдағанын білесіздер. Премьер-Министр биылғы сегіз айда қайта өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 3,3%-ға, машина жасау – 16,3%-ға, көлік құрастыру – 51,8%-ға, фармацевтика – 34,1%-ға, жеңіл өнеркәсіп – 11%-ға, химия өнеркәсібі – 3,1%-ға, дайын метал өнімдерін шығару – 18,8%-ға, сол сияқты ауыл шаруашылығындағы тұрақты өсім 4,9% құрап, азық-түлік өндірісінің көлемі 3,6%-ға артты деп есеп берді. Жыл басынан бері



орындарының жұмысын бірнеше ай бойы тоқтатуға мәжбүр еткен пандемия біздің ел экономикасына оң әсер еткен секілді. Тіпті, экономикасы бізден әлдеқайда жоғары дамыған АҚШ-тың ресми орындары елдегі өндіріс 6,3%, өнеркәсіп өнімдерін шығару 5,4%-ға құлдырағанын айтып дабыл қағуда. Еуропадағы бақуатты мемлекеттер де өндірісіміз өлді деп көз жастарын көл етуде. Ал, бізде бәрі жақсы, әдеттегідей жоспар артығымен орындалып жатыр. Мынандай мәліметтерден кейін коронавирус бізге маса шаққандай әсер етпеген бе деп қаласыз.

«Қалай жазсаң да қағаз көтереді» деп ауылдағы бір ағамыз айтқандай, халыққа ресми мәліметтің өзі емес, шынайы лайықты тұрмыстық жағдай қажет. Қағаз жүзіндегі жоспардың 500 пайызға орындалғанын оларға келіп-кетер ештеңе жоқ. Қарапайым адамдарға ең қажеті – тұрақты жұмыс пен өмір сүруіне жетерлік еңбекақы ғана. Олар жер байлығына таласып, Лондоннан немесе Парижден баспана әперіндер, астыма «Джип» көлігін мінгізіндер деп жатқан жоқ.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтің жылдың басында айтқанындай, біздегі адамдардың орташа жалақысы 181 мың теңге болады екен. Ал, ең төменгі жалақы 42,5 мың теңге. Сарапшылардың айтуынша, негізгі халықтың басым бөлігі саналатын қарапайым тұрғындардың айлық жалақысы көтеріп айтқан күннің өзінде 60-70 мың теңгенің шамасында. Жұрттың бәрі жоғары жалақы алатындай мұнай саласында істеп немесе де-

корнавирустың әсері болғаны анық, оны ешкім жоққа шығара алмайды. Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтеріне сүйеніп «Azattyq Rýh» хабарлағандай, ол шілде айында өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда – 7,1% болған екен. Мысалы, сары шілде айында азық-түлік тауарлар өткен жылмен салыстырғанда 11,3%-ға қымбаттаған. Ал, биылғы жыл басынан бері шілдедегі көрсеткіш бойынша жеміс-жидек – 21,3%, жармалар – 20%, қой еті – 11,8%, қант – 11,5%, ұн – 11%, көкөніс – 10,8%, макарон өнімдері – 10,1%, сары май – 9,4%, жылқы еті – 8,6%, сиыр еті – 7,6%, балық пен шай – 6,8%, шұжықтар – 6,1%, шошқа еті – 5,5%, сүт – 4,5%, нан – 3,8%, ірімшік – 3,3%, темекі өнімдері – 8,8%, минеральды су – 8,5%, спирттік ішімдік – 5,5%-ға қымбаттаған. Байқап отырғандарыңыздай, қарапайым халық ең жиі тұтынатын азық-түлік, былайша айтқанда әлеуметтік маңызға ие тауарлар бағасы жыл басынан бері айтарлықтай көтерілген. Осы аталған пайыздардың ортақ көрсеткіші алдында біздегі ресми органдар айтқан 4,4 пайыздың манауына да жоламайды. Яғни, министрлік пен халық есебі тағы да екі түрлі болып тұр. Сонда олар өздері жариялаған мәліметтерді қайдан алған?

Рас, нарық заңына сәйкес баға еркін болуға тиісті. Оған ешкімнің дауы жоқ. Демек, сұраныс болса баға көтеріліп, сұраныс азайса баға төмен түсуі керек-ті. Пандемия кезінде жұмыссыз, жалақысыз қалған жұрт тарапынан кез келген

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК - ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІ!

Ақпараттық қауіпсіздік – ұлт қауіпсіздігі, неліктен қазақ-қытай шекарасында орналасқан елді мекендерде қазақтың үні шықпай тұр? Мәжіліс депутаттары қазақ-қытай шекараларында орналасқан елді мекендерде жергілікті тұрғындар қазақ радиоларын тыңдай алмайтындығына алаңдаушылық білдіріп, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министріне депутаттық сауал жолдады. Аталған депутаттық сауалды бүгін Мәжіліс отырысында «Ақ жол» фракциясының депутаты Берік Дүйсембинов оқыған.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі А. Ф. Балаеваға,
Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б. Б. Мусинге
ДЕПУТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Аида Ғалымқызы!
Құрметті Бағдат Батырбекұлы!

Бүгінгі ақпараттық заманда, интернет, ұялы байланыс, теледидар, радио қоғам өмірінің ең бір маңызды тетігіне айналды. Сонымен қатар, әлеуметтік желінің, теледидар мен радионың маңызды мақсаттарының бірі – аудиторияға ақпарат таратумен қатар, саяси-мәдени, идеологиялық тәрбие мен насихат жұмысын жүргізу екендігі де жасырын емес.

Сондықтан, еліміздің ақпарат-

тық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өзекті мәселелердің біріне айналып, ұлттық қауіпсіздік санатына жатқызу қажеттілігі туындап отыр.

Ата Заңымызда, әркімнің еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар екендігін ескере отырып, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, еліміздің бүкіл кеңістігінде әр азаматымызға қазақстандық ақпарат көздеріне қол жетімдігіне кепілдік жасау – мемлекеттің міндеті.

Алайда, бұл тұрғыда бүгінгі күнге дейін қазақстандық коммуникация желілері қамтымаған еліміздің аумақтары бар екендігін бәрі біле бермейді.

Мысалы, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарының Қытай шекарасына жақын орналасқан кейбір аумақтарында қазақстандық не теледидар, не радио, не интернет ұстамайтын жерлер бар. Бірақ, Қытай жақтан қазақ тілінде радио сайрап тұрады. Ал шекара маңындағы жергілікті халық тек қытай радиосын тыңдауға мәжбүр.

Тағы бір мысал келтірсек, Шығыс Қазақстан облысының Ұржар ауданына табан тіреген кезкелген азаматтың телефонына эп сәтте-ақ «Добро пожаловать в Китай! Пользуйтесь выгодными тарифами в роуминге», «Active приветствует вас в Китае! Пользуйтесь выгодными тарифами в роуминге» сипатты хабарламалар келіп түседі де, ізінше телефонындағы Нұр-Сұлтан уақыты дереу Қытай уақытына өзгереді екен.

Осыған ұқсас жағдай, Өзбек



және Ресей шекарасының маңында да кездеседі.

Биыл ұлттық тәуелсіздігімізге табандай 29 жыл толады. Сонда 30 жылдай тәуелсіздіктің барысында ақпараттық, байланыс жүйеміздің тәуелсіздігін қамтамасыз ете алмағанымыз ба? Халқымыздың, оның ішінде әсіресе жас ұрпақтың отаншылдық, патриоттық сана-сезімінің, ұлттық ар-намысымыздың, ұлттық қауіпсіздігіміздің тамырына балта шабатын мұндай құбылысқа Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас

прокуратура және басқа да тиесілі мемлекеттік мекемелер неге назар аудармайды, неге тиесілі әрі табанды іс-шара қабылдамайды?

Осыған орай, «Ақ жол» ҚДП фракциясы ақпараттық қауіпсіздікпен және ұлттық сана-сезіммен байланысқан жоғарыда баяндалған мәселелердің қалай және қашан шешілетіндігі жөнінде ақпарат берулеріңізді сұрайды.

Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП фракциясының
депутаттары

■ ТҮІТКІЛ

ИНТЕРНЕТ КЕҢІСТІГІНДЕГІ САҚТЫҚ

Ақпараттық қауіпсіздікті сақтау, оның әсерін азайту, тиісті қорғаныс шараларын қолдану аса маңызды жәйт. Қазіргі уақытта ақпараттық технологияларының үрдісті дамуының кезеңінде киберқауіпсіздік анықтамасының мәнісі мен мағынасы арта түсетініне күмән жоқ. Интернет желісіндегі кибератакалық жағдайлар, әр-алуан спамдық шабуылдар, вирустық бағдарламалар белең алғанын көріп отырмыз. Ал пандемия кезінде бұл үрдіс еселене түседі.

Іс жүзінде кибершабуылдарға желідегі кез-келген заңсыз әрекеттерді, әлеуметтік желілердегі жеке бетті бұзудан бастап, үлкен деректерді ұрлауға дейінгі әрекеттерді жатқызуға болады.

Бұл тұрғыда мемлекет интернет кеңістігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар қабылдауда.

Бұған қарсы қолданатын қарапайым шаралар да, алдын ала болдырмау амалдары да әрқашан айтылып та, жазылып та жатыр.

Қазақстан азаматтары жеке деректерді сақтау кезінде өздерінің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше көңіл аудармайды, интернетте ақпаратты орналастыру кезінде қарапайым қауіпсіздік шараларын ескермейді.

Сол себепті, интернет желісін қолдануда тәжірибесі аз қолданушыларға кенестерді ұстануға алу киберқауіпсіздікті сақтаудың ең маңызды жолы.

Ақпараттық қауіпсіздік дегеніміз, әдетте, үш маңызды қағиданы сақтауды білдіреді, олар құпиялылық, қолжетімділік және тұтастық.

Интернеттегі компьютерлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ұсыныстар болып:

- бағдарламалық жасақтама – операциялық жүйелер, қосымшалар бағдарламалары, антивирустық және басқа бағдарламалар үшін жаңартуларды үнемі орнату;

- лицензиясыз бағдарламалық жасақтаманы орнатуды болдырмау немесе расталмаған көздерден бағдарламалық жасақтаманы етуді қолданбау;

- басқа құрылғыларда маңызды деректерге көшірмені үнемі жасау;

- интернетке қол жеткізудің қоғамдық



«Wi-Fi нүктелерін» ерекше қажеттіліксіз пайдаланбау;

- құпия сөздерді шифрланған түрде сақтау үшін құпия сөз менеджерін орнату;

- қарақшылық бағдарламалық жасақтаманы пайдаланбау;

- көптеген Google Drive, Yandex, Mail.ru, iCloud резервтік көшіру қызметтерді пайдалану;

- және тағы басқалары табылады.

Ақпаратты деректермен жұмыс кезінде сақтық көшірме жасау – бұл ақпаратты сақтау құрылғыларында деректердің көшірмесін жасау процедурасын білдіретін деректерді сақтаудың сенімді әдісі.

Пайдаланушылардың киберқауіпсіздікті бұзуға күдік туындаған кезде қайда жүгіну туралы ақпаратты білуі маңызды.

Бүгінгі күні ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі Министрлік) «Кибер қалқан» тұжырымдамасын енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалануға бағытталған іс-шаралардың үлкен тізбесі.

Кибер қалқан – бұл тұтас шаралар кешені, ақпараттық қауіпсіздік саласын-

да мемлекеттік органдар іске асыратын аппараттық-бағдарламалық кешендер мен жобалар жиынтығы.

Қабылданған киберсит тұжырымдамасының іске асыру екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең: 2017-2018 жылдар, екінші кезең: 2019-2022 жылдар.

Тұжырымдамаға сай 2022 жылға дейін ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін акт өнімдерінің тізбесі болып табылатын сенімді электрондық өнеркәсіп өнімдері мен бағдарламалық жасақтаманы ету тізілімі жүргізіледі. Максималды киберқауіпсіздікке қол жеткізу үшін бірқатар тапсырмаларды орындау қажет:

- халықтың киберқауіпсіздік қауіптері туралы ақпараттық сауалнамаларды арттыру;

- осы салада дайындалатын мамандардың саны мен сапасын арттыру;

- «ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға гранттарды ұлғайту;

- кәсіптік стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларын жаңарту;

- ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы кәсіби стандарттарды өзектендіру;

- халықаралық стандарттарды үндестіру, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік саласындағы ұлттық стандарттарды өзектендіру және әзірлеу;

- киберқауіпсіздік саласында қазақстандық компанияларды дамыту;

- ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарын құру.

2020 жылдың шілде-тамыз айларында Қазақстан Республикасында халықтың ақпараттық қауіпсіздік қатерлері туралы хабардар болу деңгейін зерделеу бойынша халыққа әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

Алынған сауалнама нәтижелеріне сәйкес 2020 жылдың базалық кезеңінде халықтың ақпараттық қауіпсіздік қатерлері туралы хабардар болу деңгейі 78% - ды құрайды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 106,1 пайызға өскенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, киберқауіпсіздік саласындағы ахуалдың өзгеруіне ықпал ететін барлық факторларды ескере отырып, пандемия жағдайындағы ақпараттық қауіпсіздікті сақтау мақсатында келесідей іс-шаралар кешенін іске асырған орынды:

- ақпараттық қауіпсіздік қатерлері туралы халықтың хабардарлығын арттыру бойынша профилактикалық іс-шаралар мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру.

- киберқылмыстардың жолын кесу, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында шаралар әзірлеу, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және бірыңғай талаптарды сақтаудың алдын алу, кәсіби стандарттарды қалыптастыруға жәрдемдесу жөніндегі жұмысты жалғастыру.

- азаматтардың жеке ақпараттарын заңсыз алу мақсатында бағытталған фишингтік шабуылдарды анықтау және жою мақсатында іс-шаралар жүргізу.

- лицензияланған бағдарламалық жасақтаманы етулердің қолжетімділігін арттыру, карантин және өзін-өзі оқшаулау кезеңінде Интернет желісіне ең жоғары жүктеме жағдайында үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету болып табылады.

Ролан СЕРІКБАЕВ

В мире обсуждают новые проекты Илона Маска, исследования генетиков, новые открытия ученых, будущее лазеров огромной мощности и другие прорывные проекты. В Казахстане обсуждают выступления по телевидению «салафитов», открытие новой мечети, похищения девушек согласно «древнему обычаю», проблему хиджаба и т.д. Потому что в политическую идеологию и науку мало кто верит, вот и приходится людям обсуждать вместо научных вопросов религиозные дела.

В РК ХОТЯТ ВОССОЗДАТЬ ПЕРВОНАЧАЛЬНУЮ ИСЛАМСКУЮ ОБЩИНУ?

ОСНОВОЙ ПРОГРЕССА ЯВЛЯЮТСЯ ОБРАЗОВАНИЕ И НАУКА

